Астана қаласы әкімдігінің №49 «Алтынай» балабақшасы МКҚК

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ОҚЫТУ-ТӘРБИЕЛЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Астана, 2026

Астана қаласы әкімдігінің № 49 «Алтынай» балабақшасы
Мемлекеттік комуналдық қазыналық кәсіпорныны
2025-2026 оқу жылда ұйымдастырылған жұмыстарының есебі

Балабақшаның 2025 -2026 оқу жылына арналған тақырыбы:

Тақырыбы: «Ұлттық тәрбие негізінде балалардың адамгершілік және тілдік-танымдық қабілеттерін дамыту»

Мақсаты: Заман талабына сәйкес ұлттық құндылықтар мен адамгершілікті бойына сіңірген дені сау, танымдық және коммуникативтікқабілеттері дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:
- қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау, ұлттық ойындар арқылы балалардың денсаулығын нығайту, патриотизмге баулу;
- инновациялық технологияларды, дамытушы, зияткерлік ойындарды қолдану арқылы балалардың қаржылық сауаттылығын, жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ету, сөздік қорын, тілін дамыту;
- балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеуде балабақша мен отбасы арасындағы сабақтастықты нығайту;
- Абай туындыларын қолдана отырып балаларды адамгершілікке тәрбиелеу;
- педагогтердің кәсіби және цифрлық құзыреттіліктерін арттыру.

№49 «Алтынай» балабақшасы
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
ПАСПОРТЫ



1.Кеңсе
2. Астана қаласының әкімдігі,Астана қаласының білім басқармасы
3. Құрылған жылы: 1976 ж
4. Ғимараттың ауданы: 1,0537 га
5. Жалпы ауды: 2251,9 м.кв
6. Сумен жабдықтау: орталықтандырылған
7. Жылу: орталықтандырылған
8. Видеокамера -60 (сыртта-17, іште-43)
9. Пандус: бар
10. Спорт зал: 51,4 м 2
11. Муз. Зал: 77,7 м 2
12. Футбол және баскетбол алаңы: 250,48 кв.м 2
13.Мекен жайы: А.Петрова көшесі 3/1
14. Байланыс телефоны: 8 (7172) 35-73-06

15. Электронды почта: sadik@altynay49.edu.kz
16.Сайты: altynay49.edu.kz
17.Балабақшаның жұмыс уақыты: 07.30-18.00
18. Меңгеруші : Калиякасова Гульзат Аманбайкызы
19.Топтардың саны: 10,оның ішінде:10 топ-қазақ тілінде білім беру және оқытуда;
20. 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша балабақшаның жас ерекшелігіне байланысты топтағы балалар саны: **255**
21. Мектепалды топтарының балалар саны: **81**
22. Қызметкерлер саны: **52** оның ішінде педагогтар саны: **23**

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру барысында мына құжаттар ескерілді:

2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асыруда келесі нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414
«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319 _
«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293
«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345
«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306
«*Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы*
https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343
Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249
Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329
Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469
Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166
Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029323
Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227
Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары
https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750
Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272
Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883
Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708
Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317
Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020619
Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584
Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239
«Үздік педагог» атағын беру қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020472
Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317
Педагогтік қайта даярлау қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020147
Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031053
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005229
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016138

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесі
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016137
Өрт қауіпсіздігі қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026867
Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414

№49 «Алтынай» балабақшасында 10 топ жұмыс істеді. Мемлекеттік тілде тәрбиеленіп, оқытылды - 10 топ. Олардың ішінде: ортаңғы топ - 3; ересектер тобы - 4; мектепалды топ - 3.

Педагог кадрлармен жұмыс түрлері

Жалпы №49 «Алтынай» балабақшасында 2025-2026 оқу жылында 23 педагог жұмыс атқарды.

Оның ішінде :

Меңгеруші -1
Әдіскер-2
Тәрбиешілер -12
Педагог психолог-1
Психолог-1
Логопед -1
Дефектолог-1
Музыка пәнінің жетекші- 2
Дене шынықтыру пәнінің нұсқаушысы- 2

Барлық педагог	Білімі		Санаты				
23	жоғары	арнайы	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-Модератор	Педагог
	21	2	0	0	3	16	4

Біліктілік арттыру курсынан өткен педагогтер тізімі

№	Педагогтың аты-жөні	Лауазымы	Курс тақырыбы	Өткізілу уақыты
1.	Калиякасова Г.А.	меңгеруші	ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ «Мектепке дейінгі ұйымдардың білім сапасын басқару» 72 сағат №1040904	05.02.2026
2	Дуйсекулова Л.Б.	әдіскер	«Назарбаев Зияткерлік Мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы «Мектепке дейінгі білім беру: балаларды ойын және танымдық іс-әрекеттер арқылы дамыту» 80 академиялық сағат №195759	12.12.2025
3	Абдукадирова А.А.	Инновация әдіскері	«Назарбаев Зияткерлік Мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы «Мектепке дейінгі білім беру: балаларды ойын және танымдық іс-әрекеттер арқылы дамыту» 80 академиялық сағат №195759	12.12.2025
4	Бершімбаева Н.Б.	тәрбиеші	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің цифрлық құзыреттілігі» 72 сағат №1041106	19.02.2026

5	Ералы А.Е.	тәрбиеші	«DARYN USTAZ» Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы «Білім берудегі жасанды интеллект: инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» 80 академиялық сағат №80800	08.12.2025
6	Ералы А.Е.	тәрбиеші	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» Педагогикалық шеберлік орталығы «Мектепке дейінгі білім беру: балаларды ойын және танымдық іс-әрекеттер арқылы дамыту» 80 академиялық сағат №195906	23.01.2026
7	Бестаева А.Р.	тәрбиеші	Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігі «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы «Мектепке дейінгі білім беру: балаларды ойын және танымдық іс-әрекеттер арқылы дамыту» 80 академиялық сағат №229696	06.03.2026
8	Назарова А.В.	тәрбиеші	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы «Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметін ашуға арналған цифрлық технологиялар және жасанды интеллект»	09.04.2026

			72 сағат №1041387	
9	Мырзақұлова М.М.	тәрбиеші	«DARYN USTAZ» Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы «Білім берудегі жасанды интеллект: инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» 80 академиялық сағат №58743	08.12.2025
10	Осипова А. Ж.	Музыка жетекшісі	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы «Мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысты ұйымдастыру» 72 сағат № 1039597	12.09.2025
11	Косбармахова А.Р.	тәрбиеші	«DARYN USTAZ» Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы «Білім берудегі жасанды интеллект: инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» 80 академиялық сағат №57330	08.12.2025
12	Косбармахова А.Р.	тәрбиеші	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» Педагогикалық шеберлік орталығы «Мектепке дейінгі білім беру: балаларды ойын және танымдық іс-әрекеттер	23.01.2026

			арқылы дамыту» 80 академиялық сағат №195907	
13	Мундыбекова Г.А.	тәрбиеші	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» Педагогикалық шеберлік орталығы «Мектепке дейінгі білім беру: балаларды ойын және танымдық іс-әрекеттер арқылы дамыту» 80 академиялық сағат №195908	23.01.2026
14	Мундыбекова Г.А.	тәрбиеші	ҚР Оқу-ағарту Министрлігінің 18.01.2016 ж. №95 бұйрығына сәйкес Біліктілікті арттырудың Қазақстандық Өңіраралық Орталығы **«Инклюзивті білім беру** жүйесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға психологиялық – педагогикалық қолдау көрсету» №237979	24.04.2026
15	Рахметова С.К.	тәрбиеші	«Балаларды ерте дамыту институты» РММ, «Күні бойы ойын технологияларын қолдану» (72 академиялық сағат)	14.05.2026
16	Ибраева А.Ж.	Дене шынықтыру нұсқаушысы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің цифрлық құзыреттілігі» 72 академиялық сағат № 1040886	05.02.2026

Педагог кадрларды аттестаттау бойынша

№	Педагогтың аты-жөні	Лауазымы	Берілген санаты	Өткізілу уақыты
1	Дуйсекулова Лаура Беккалиевна	әдіскер	Педагог-сарапшы	Комиссия мүшесінің қарауында
2	Бағдатова Балжан Бағдатқызы	Дене тәрбиесі нұсқаушысы	Педагог-сарапшы	Комиссия мүшесінің қарауында
3	Осирова Асыл Жаныбековна	Музыка жетекшісі	Педагог-модератор	Комиссия мүшесінің қарауында
4	Мырзақұлова Мадина Мырзақұлқызы	тәрбиеші	Педагог-модератор	Комиссия мүшесінің қарауында
5	Абдукадирова Анаргуль Абдукадирова	Инновация әдіскері	Педагог-сарапшы	Комиссия мүшесінің қарауында

Байқауларға қатысқан педагогтар тізімі

№	Педагогтың аты-жөні	Лауазымы	Байқаудың тақырыбы	Өткізілу уақыты

1	Осипова Асыл Жаныбековна	Музыка жетекшісі	«Астана дарыны дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» ұйымдастыруымен Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Елорданың еркетайы» қалалық өнер байқауының «Балалар музыкалық аспаптарында ойнау» номинациясы бойынша **II орын**	09.10.2025 жыл
			«Астана дарыны дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» ұйымдастыруымен Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Елорданың еркетайы» қалалық өнер байқауының «Вокал» номинациясы бойынша **II орын**	09.10.2025 жыл
2	Андасова Лаура Есиркеповна	тәрбиеші	«Астана дарыны дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» ұйымдастыруымен	16.10.2025

			Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Көркемсөз шебері» қалалық мәнерлеп оқу байқау Боранбай Айша **I орын**	
3	Ибраева Айгүл Жакеновна	Дене шынықтыру нұсқаушысы	«Астана дарыны дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» ұйымдастыруымен Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған “Ханталапай» ұлттық ойындар республикалық байқауының қалалық кезеңі **II орын** «Бүркіт»және «Ақ сұңқар» топтары	02.03.2026 жыл
4	Косбармахова Аймереке Рахатовна	тәрбиеші	«Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» республикалық бейнероликтер байқауының қалалық кезеңі «Қарлығаш» ортаңғы тобы **II орын**	27.02.2026 жыл
5	Ералы Айнұр Ерғалиқызы	тәрбиеші	«Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» республикалық бейнероликтер байқауының қалалық кезеңі «Ақ көгершін» ересек тобы	27.02.2026 жыл

			III орын	
6	Рашаева Ботагоз Асилбековна	тәрбиеші	«Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» республикалық бейнероликтер байқауының қалалық кезеңі «Самұрық» ортаңғы тобы **II орын**	27.02.2026 жыл

Педагогтердің конференцияларға қатысуы, жинаққа баяндамалардың шығуы

№	**Педагогтың аты-жөні**	**Лауазымы**	**Конференция атауы**	**Өткізілу уақыты**
1	Калиякасова Г.А.	Меңгеруші	«Абай аманаты-мектепке дейінгі жастағы балалардың ұлттық және адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеудің негізі» тақырыбындағы республикалық конференциясы	15.04.2026
	Абдукадирова А.А.	Инновация әдіскері		
	Андасова Л.Е.	Тәрбиеші		
	Назарова А.В.	Тәрбиеші		
	Мықтыбаева А.Д.	тәрбиеші		
2	Дуйсекулова Лаура Беккалиевна	әдіскер	Астана қаласы әкімдігінің **«Балаларға**	10.12.2025

	Абдукадирова Анаргуль Абдукадировна	инновация әдіскері	**қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» КММ** жұмыс жоспарына сәйкес «Әл-Фараби ілімдерінің педагогикадағы рөлі» атты **республикалық-педагогикалық конференциясы**	

Логопедтің жылдық есебі

Мекеме: №49 «Алтынай» МДҰ
Логопед мұғалім: Серікбай И.С
Оқу жылы: 2025–2026 оқу жылы

1. Жылдық жұмыстың мақсаты:

Мақсаты:

Балалардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзету және толыққанды сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

2. Негізгі міндеттері

- Дыбыс айту кемшіліктерін анықтау және түзету;
- Фонематикалық есту қабілетін дамыту;
- Артикуляциялық аппараты жетілдіру;
- Сөздік қорын байыту;
- Грамматикалық құрылымын қалыптастыру;
- Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту;
- Ата-аналармен және педагогтармен бірлескен жұмыс жүргізу.

3. Диагностикалық жұмыс

2025-2026 оқу жылындапедагог логопед көмегін 15 бала алды, олардың ішінде:

8 бала – психикалық дамуының тежелуі (Айша, Инаят, Шамиль, Дара, Арсен, Алихан, Айым, Алинұр)

15 бала – жалпы сөйлеу тілінің даумының тежелуі (Самал, Алиасқар, Айым, Али, Саян , Бахтияр, Дарын, Дара, Алинұр, София, Инаят, Айша, Шамиль, Алиасқар)

1 бала-ффн дислолия Бахтияр

2 бала –импрессивті сөйлеу тілінің бұзылушылығы басымдығы бар (Арсен, Айша, Алихан)

1 бала- экспрессивті сөйлеу тілінің бұзылыстары басым (Айым)

Балаларды бақылау нәтижесінде биылғы оқу жылында басында 6 бала тіркеуге алынды. 19 қыркүйекте 5 бала қосылды. 20 қазан күні Нұрсұлтанқызы Айым, 17 қараша Сунетулла Алиасқар, 19 желтоқсан Лес Самал, 20 қаңтарда Давлетбаева Айша. Жалпы білім беру топтарында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар саны -15 бала. Мектепалды тобында – 2 бала, ересек тобында – 9 бала, ортаңғы тобында-4 бала. Әр балаға жеке жұмыс жоспары құрылып, тіл кемістігі бар балалар тіркеуге алынып, түзету сабақтары жүргізілуде. Түзету дамыту ҰІӘ аптасына 2 рет сөйлеу тілінде кемістігі бар балалармен жекелей және 1 рет топтық сабақтар жүргізіледі. Балалардың барлығына жеке даму картасы толтырылған. Әр тәрбиеленушіге сабақ жоспарлары құрылған. Мамандармен және ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жасалды.

2025-2026 оқу жылында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың тізімі

№	Баланың аты-жөні	Туылған жылы	ПМПК қорытындысы
1	Абильдин Инаят	30.09.2020ж	Қарым-қатынас пен әлеуметтік өзар әрекеттестіктің қиындықтары. Психикалық дамудың тежелуі. Жалпы сөйлеу тіл дамымауының 2 деңгейі
2	Ермұрат Шамиль	25.06.2021ж	Психикалық және сөйлеу дамуының тежелуі(ЗПРР)
3	Мейрамова Сафие	11.08.2021 ж	Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының 1 деңгейі(ЗРР)
4	Әнуарбек Алинұр	03.06.2021ж	Сөйлеу тілі дамымауының 1 деңгейі, мінез-құлық қиындықтары. Психикалық дамуының тежелуі
5	Ибраем Дара	24.02.2021ж	Сөйлеу тіл дамуының 1-2 деңгейі.Психикалық дамуының тежелуі.
6	Еркінбек Арсен	15.12.2021ж	Психикалық дамуының тежелуі. Импрессивті сөйлеу тілі бұзушылығы басымдығы бар сөйлеу тілі дамымауының І-деңгейі.
7	Романов Дарын	29.06.2021ж	Жалпы сөйлеу тілі дамымауының І-деңгейі.

8	Жумабеков Бахтияр	01.08.2019ж	Жалпы сөйлеу тіл дамымауының 3-деңгейі (Фонетикалық-фонематикалық дамымауы басым)
9	Ақан Саян	01.11.2022ж	Сөйлеу тілінің тежелуі
10	Еренғай Әлихан	13.04.2022ж	Психикалық дамуының тежелуі. Импрессивті сөйлеу тілі бұзушылығы басымдығы бар сөйлеу тілі дамымауының I-деңгейі.
11	Есім Али	23.07.2021ж	Жалпы сөйлеу тіл дамымауының 1 деңгейі
12	Нұрсұлтанқызы Айым	07.01.2021ж	Сөйлеудің жалпы дамымауының 1-2 деңгейі, экспрессивті сөйлеуінің бұзылыстары басым. Психикалық дамудың тежелуі.
13	Сунетулла Алиасқар	02.12.2022ж	Сөйлеу тілінің тежелуі
14	Лес Самал	05.10.2021ж	Сөйлеудің жалпы дамымауының 1-2 деңгейі
15	Давлетбаева Айша	16.04.2022ж	Психикалық дамуы тежелген. Импрессивті сөйлеу тілі бұзушылығы басымдығы бар сөйлеу тілі дамымауының 1-деңгейі

Баланың сөйлеу тілін бұзылуын әртүрлі жаттығулар арқылы түзету жұмыстары логопедиялық сабақтарда жүргізілді. Логопедиялық дамыту түзету ҰІӘ мақсаты: сөйлеу тілі бұзылған анықтап, диагностикалық бақылау жүргізу арқылы білім беру және дамыту түзету жұмыстарын жүргізу.

Сөйлеу тілі бұзылған балаларға, атап айтқанда логопед балаларға жекелей және топтық сабақ кестелері, сабақ жоспарлары құрылды.

Сөйлеу тілі бұзылған тәрбиеленушілердің ҰІӘ жоспарлары баланың даму қабілетіне қарай бағытталып құрылды.

Сөйлеу тілі бастапқыға қарағанда жақсырған бірақ әлі де логопедтің қадағалауын қажет ететін балалар саны – 13 бала. Ал тізімде тұрған қалған балалар түзету дамыту ҰІӘ келесі жылы жалғастырылады.

1 жыл аралығында педагог - логопед көмегін алған	Кезең ҰІӘ аяқталған балалар саны	Себепті жағдаймен кестеден алынған	Себепсіз ҰІӘ қатыспай жүрген балалар саны
15	2	0	0

Бұл топта жылына 3 рет диагностика жасалынып, танымдық қабілеттері мен оқу іс-әрекетіне талдаулар жасалынды. Балалардың ата-аналарына қайта кеңес алу үшін ПМПК-ға бару ұсынылды. Мамыр айындағы тексерудің қорытындысы бойынша сабақ үлгерімі біршама алға жылжыған балалар болды. Оның ішінде Саян, Арсен тіл кемістігі біршама жойылып, сабақ үлгерімі жақсарып, өз ойын айту, қоршаған орта туралы түсінігі кеңейді. Ал Алихан, оқу жылының бастапқы кезеңінен біршама өзгерістер болды.

Сөйлеу қабілеті жақсарып, қоршаған орта туралы түсінігі, көру, есте сақтау қабілеті артып, жазу мен оқу іс-әрекеті дамыды. Айымда алға жылжушылығы байқалды. Сөздік қоры молайып, танымдық қабілеті артты. Ал Сафие мен Арсенде жағдайы оқу жылының басына қарағанда едәуір жақсарды. Бірақ әлі де түзете-дамыту жұмыстарын қажет етеді. Али мен Алинурда оқу жылдамдығында алға жылжу байқалды, бірақ зейін, есте сақтау қабілеттеріне түзете-дамыту жұмыстары керек. Дарын өздігінен жаттығуларды орындап, дефектологтың көмегіне жүгінбейтін болды. Дегенмен, әлі де зейін қабілеті тұрақсыз, есте сақтау қабілеті орта деңгейде. Ал Айша қабылдауы төмен, бірақ қарапайым нұсқауларды түсініп, логопедтің берген тапсырманы орындауға тырысады. Шамиль мен Алиасқарға келесі оқу жылында әлі де арнайы мамандардың көмегін қажет етеді. Балалармен әлі де жұмыстар жалғасады. Балалармен жыл бойы түзету жұмыстары жүргізіліп, ойын тапсырмалар, жаттығулар арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттері, саусақ жаттығулары арқылы ұсақ қол моторикасы дамып оқу әрекетінде сабаққа қызығушылығын арттыру жұмыстары жасалды. Балалардың жеке ерекшеліктеріне және оның дамуын анықтау арқылы қолайлы жағдай қалыптастырылды.

4. Ата-аналармен жұмыс

Жыл бойы ата-аналармен келесі жұмыстар жүргізілді:

- Жеке кеңестер;
- Үй тапсырмаларын түсіндіру;

6. Педагогтармен жұмыс

Тәрбиешілермен және мамандармен бірлескен жұмыстар:

- Кеңестер ұйымдастырылды;
- Балалардыңс өйлеутілін дамыту бойынша ұсыныстар берілді;
- Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың сөйлеу тілін дамытуда тәрбиеші мен логопедтің бірлескен жұмысы

7. Жетістіктер

Оқу жылының соңында:

- Балалардың дыбыс айтуы жақсарды;
- Сөздік қоры толықты;
- Байланыстырып сөйлеу дағдылары дамыды;
- Фонематикалық қабылдауы қалыптасты.

Нәтиже	Балалар саны
Сөйлеуі толық түзелді	1
Жақсару байқалды	8
Тұрақты жұмыс қажет	6

8. Қорытынды

Жылдық жоспар бойынша қойылған міндеттер негізінен орындалды. Балалардың сөйлеу тілін түзету мен дамытуда оң нәтижелер байқалды. Алдағы оқу жылында дыбыс қою жұмыстарын жалғастыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту және ата-анамен жұмысты күшейту жоспарланып отыр.

№49 «Алтынай» балабақшасы дефектологының 2025-2026 оқу жылында атқарылған жұмыстарының жылдық есебі.

1. Жылдық жұмыстың мақсаты:

Мектепке дейінгі жастағы ерекше білім беруді қажет ететін балалардың танымдық, сөйлеу, психикалық және әлеуметтік дамуын түзету, қолдау және дамыту жұмыстарын ұйымдастыру.

2. Негізгі міндеттері

- Балалардың даму деңгейін анықтау мақсатында диагностикалық жұмыстар жүргізу;
- Түзете-дамыту үіә-н ұйымдастыру;
- Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту;
- Ата-аналармен және педагогтармен тығыз байланыс орнату;
- Инклюзивті білім беру аясында әдістемелік көмек көрсету;
- Құжаттамаларды уақытылы жүргізу.

2025-2026 оқу жылының қыркүйек айында ерекше білімді қажет ететін балаларды қабылдау жүргізілді. Балалар ПМПК-ның қортындысы бойынша қабылданды. Жұмыс жүргізу барысында қыркүйек айында 6 баламен толықса, қазан айында1 баламен, қаңтар айында 1 баламен толықтырылды.

№	Баланың аты-жөні	Туылған жылы	ПМПК қорытындысы
1	Абильдин Инаят	30.09.2020ж	Қарым-қатынас пен әлеуметтік өзар әрекеттестіктің қиындықтары. Психикалық дамудың тежелуі. Жалпы сөйлеу тіл дамымауының 2 деңгейі
2	Ермұрат Шамиль	25.06.2021ж	Психикалық және сөйлеу дамуының тежелуі(ЗПРР)
3	Әнуарбек Алинұр	03.06.2021ж	Сөйлеу тілі дамымауының 1 деңгейі, мінез-құлық қиындықтары. Психикалық

			дамуының тежелуі
4	Ибраем Дара	24.02.2021ж	Сөйлеу тіл дамуының 1-2 деңгейі.Психикалық дамуының тежелуі.
5	Еркінбек Арсен	15.12.2021ж	Психикалық дамуының тежелуі. Импрессивті сөйлеу тілі бұзушылығы басымдығы бар сөйлеу тілі дамымауының І-деңгейі.
6	Еренғай Әлихан	13.04.2022ж	Психикалық дамуының тежелуі. Импрессивті сөйлеу тілі бұзушылығы басымдығы бар сөйлеу тілі дамымауының І-деңгейі.
7	Нұрсұлтанқызы Айым	07.01.2021ж	Сөйлеудің жалпы дамымауының 1-2 деңгейі, экспрессивті сөйлеуінің бұзылыстары басым. Психикалық дамудың тежелуі.
8	Давлетбаева Айша	16.04.2022ж	Психикалық дамуы тежелген. Импрессивті сөйлеу тілі бұзушылығы басымдығы бар сөйлеу тілі дамымауының 1-деңгейі

Оқу жылының басында және соңында тәрбиеленушілерге диагностикалық тексеру жүргізілді . Диагностика барысында балалардың:

- сөйлеу тілі,
- ұсақ моторикасы,
- есте сақтау қабілеті,
- зейіні,
- ойлау қабілеті,
- кеңістікті бағдарлауы зерттелді.

Түзете-дамыту жұмыстары:

Жыл бойы жеке және топтық түзету ұіә-і өткізілді.

Жүргізілген бағыттар:

- сөйлеуді дамыту;
- дыбыс қою және түзету;
- логикалық ойлауды дамыту;
- сенсорлық дамыту;
- ұсақ мотористі жетілдіру;
- психикалық процестерді дамыту.

Балаларды жалпы даму деңгейін зерттеп, сөйлеу тілі дамымауының ерекшелігін және деңгейін ескеріп, әр балаға дефектологиялық зерттеу картасы толтырылды. Соған сәйкес жеке даму

бағдарламасы, жеке оқу жоспары, топтық бағалау, жылдық жоспарлар жасалды.
Сонымен қатар оқу жылының басында психолог, логопед, дефектолог мамандарының ортақ жылдық жұмыс жоспары бекітілді және жұмыс жоспарға сәйкес жүргізілді. Мамандар өзара бірлесе отырып, әр баламен жеке жұмыс кестесін құрды. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай аптасына әр баламен 2 рет жеке және топтық ұіә-і жүргізілді. Оқу жылдың басында ата-аналарға кеңестер беріліп, балалармен үйде қалай жұмыстану керектігі жайлы ұсыныстар айтылды. Әр ай сайын ата-аналар тарапынан болған сұрақтарға арнайы мамандар тарапынан кеңестер беріліп отырды. Әр жұма сайын балалардың ата-аналарымен бірлесе орындайтын үйге тапсырмалары берілді. Маманмен тәрбиешінің өзара байланысы барысында топта балалармен жүргізілетін тапсырмалар берілді.
Атап айтсақ, сөйлеу қызметін қалыптастыру диагностикасы: сөйлеу техникасын меңгеруі, сөздік қорының жағдайы мен қоршаған орта туралы түсінігі - осы қызмет түрлерін зерттеу үшін балаларға сурет бойынша әңгіме құру, сонымен бірге тақырыптық суреттер ұсынылды және т.б.артикуляциялық және мимикалық, тыныс алу жаттығулары, ұсақ қол моторикасын дамытудағы жаттығулар жеке жұмыс барысында жүргізіліп отырылды. Осы аталған жеке жұмыс нәтижесінен біршама балалардың қарым-қатынасы, жалпы сөйлеу барысы және сөздік қорлары қалыптасып, қанағаттанарлық деңгейіне өтті.
Жалпы балабақшамызда жүргізіліп жатқан жұмыстарда педагогикалық кеңес ерекше орын алады.14 сәуір күні балабақша тәрбиешілеріне семинар –практикум ұйымдастырылып, «Нейрожаттығулар арқылы баланы жан-жақты дамыту» тақырыбында ерекше баламен қарым-қатынас жасаудың әдіс-тәсілдері, нейрожаттығулардың балалардың жан-жақты дамуындағы маңыздылығы туралы кеңестер берілді.
2025-2026 оқу жылында жүргізілген жұмыс қанағаттанарлық болды, барлық бағыттар бойынша жұмыс жүргізілді.
2025-2026 оқу жылында тіркелген 8 бала, оның ішінде 1 бала Абильдин Инаят жас ерекшелігіне байланысты балабақшадан шығарылды, ПМПК-ға жолдама берілді.
Басқа балабақшалармен тәжірибе алмасуда ерекше білім беруді қажет ететін балалармен ұйымдастырылған қауымдастықтың семинарларына қатысып, өзімнің іс-тәжірибеме керек білім алдым.
Оқу жылы барысында өз біліктілігімді арттыруда курстардан өттім және халықаралық конференциямен форумдарға қатыстым.
ЖШС «Агния» Ғылыми-білім беру орталығы «Арт – терапия әдістерін қолдана отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін ұйымдастыру» (72 сағат) авторлық білім беру бағдарламасы бойынша курстан өтіп сертификат алдым. 08.11.2025 ж
ҚР Оқу-Ағарту Министрлігі; Арнайы және инклюзивті білім берудегі

педагогикалық технологиялар институты
«Инклюзитивті және арнайы білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту және тәрбиелеуді ұйымдастыру» тақырыбында (80 сағат) біліктілікті арттыру курсынан өтіп сертификат алдым. 30.04.2026 ж
«Психолого- педагогические подходы к образованию и воспитанию на основе духовно- нравственных ценностей» тақырыбында Халықаралық конференциясына қатысып сертификатқа ие болдым. 30.10.2025 ж

Педагог-психологтың 2025-2026 оқу жылындағы жарты жылдық жұмыстары бойынша талдамалық есебі

№49 «Алтынай» балабақшасында 2025-2026 оқу жылында балабақшада 255 бала тәрбиеленуші болды .Балабақшада 10 топ.

Балабақшадағы психологиялық қызмет жұмысының максаты:

Тәрбиелеу мен оқыту үдерісінде қазақ этнопедагогикасы мен инновациялық техноголияларды кіріктіре пайдалану арқылы балалардың тілдерін дамыту,балабақша мен отбасы арасындағы сабақтастық ты дамыту,

Балабақшадағы психологиялық қызметтің міндеттері:

- Ұйымдастырылған оқу қызметінде балалардың жеке белсенділігін дамыту жұмыстарын жүргізу.
- Оқу қызметін бағдарламаларға сай дамыту-психологиялық түзету жұмыстарын жүргізу.
- Баланың денсаулығының қалыптасуын,психологиядық жай-күйін қамтамасыз етуге бағыт беру
- Баланың ,тәрбиешінің және ата-аналардың психологиялық мәдинетін қалыптастыру

Балабақшада психолгиялық қызметтің негізі : балалардың денсаулығын қамтамасыз етуде психопрофилак тикалық,оқу-тәрбиелеу, процесін қамтуда психологиялық кеңес өзара қарым-қатынаста қиындықтарды айқындауды және одан әрі түзету және

реттеу шараларын қолдануға психодиагностика бағытында жұмыстар жүргізіледі.

Оқу жылында жүргізілген жұмыстың негізгі бағыттары:

1.Психодиагностикалық жұмыс

Балалардың мектепке дайындығын анықтауға арналған диагностика

2.Психологиялық түзету жұмыстары.Балалармен психологиялық түзету жұмыстары диагностика қорытындылары негізінде ,ата-аналар және тәрбиешілер сұранысы,психологтың бақылауы бойынша жүргізіледі.

3.Психопрофилактикалық жұмыстары.Түрлі жас кезеңіндегі балаларға психологиялық қолдау көрсету мәселелері бойынша ағарту ісінің қажеттілігін ескеріп,мектепке дейінгі әр жастағы балалардың,сондай-ак олардың тәрбиешілері мен ата-аналарының психологиялық жұмыстарын жүргізу.

Балалармен жүргізілген психологиялық сауықтыру жұмыстары.

Мектепке дейінгі жас баланың эмоциялық дамуының негізгі үш бағыты:

1.Коммуникативтік қабілеттері және әлеуметтік бейімделуі;

2.Есте сақтау,қиял,зейін,кеңістік түсініктерін дамыту;

3.Эмоциялық сфераны дамыту

Кіші топ балаларымен топтық сауықтыру жұмыстары

-Балалардың балабақшаға бейімделуі

-Достарына деген ізгілік қарым-қатынас,өз тобына қатыстығын сезіну

-Есте сақтау,қиял зейін, кеңістік түсініктерін дамыту

Ортаңғы топ балаларымен топтық сауықтыру жұмыстары

-Эмоциялық сфераны,психикалық үрдістеріндамыту,жалпы және ұсақ моторикаларын дамыту

-Құрдастарына деген ізгілік қарым-қатынас,өз тобына қатыстығын сезіну

Ересек топ баларымен топтық сауықтыру жұмыстары

-Коммуникативті дағдылары

-Шығармашылық және танымдық қабілеттері

-Эмоциялық сфераны, психикалық үдерістерін дамыту, жалпы және ұсақ моторикаларын дамыту

Мектеп алды даярлық топ балаларымен топтық сауықтыру жұмыстары

-Мектепке дайындық

-Коммуникативтік қабілеттері және балалардың әлеуметтік бейімделуі

-Шығармашылық қабілеттері және танымдық үдерістерді жетілдіру

-Жүргізілген жұмыстарға қорытынды

-Балалардың балабақшаға бейімделу кезеңі.

2025 –жылдың қыркүйек айында ортаңғы Қарлығаш,самрұқ,ортаңғы топтарына жаңадан балалар қабылданды.

Балалардың көңіл-күйіне,белсенділігіне,ұйқысына,асқа тәбетіне,бейімделуге бақылау жасалынды.Ата-аналарға кеңестер берілді.сауалнама алынды.Сауалнама қорытындысы шығарылды.Педагогтармен «Балалардың балабақшаға бейімделу кезеңі»тақырыбына кеңес берілді.

Балалардың балабақшаға бейімделуін бақылау,қыркүйек және қазан айында II-кезеңде жүргізіліп,қараша айында қорытындысы шығарылды.

Нәтижесінде:балабақшаға бейімделуі жогары-7 ,орта деңгейі-89, төмен деңгейі-4

Психодиагностикалық жұмыс

Балабақшада диагностика бірнеше сала бойынша жүргізіледі.

-Танымдық сфера

1.Ойлау

2.Есте сақтау

3.Қабылдау

4.Зейін

5.Қиял

Балалардың мектепке даярлығын диагносикалау

Балалардың психологиялық таным процестерінің дамуына жағдай жасау балабақшаның алға қойған мақсаттарының бірі.

Балалардың біліміне,денсаулығына көңіл аударумен қатар жан-жақты жоғаргы деңгейде дамыту үшін таным процестерімен қатар,балалардың мінез құлықтарын анықтап,сол бойынша жұмыс жасау.

Сондықтан әр оқу жылының басында жұмысымызды балалардың таным процестерін зерттеуден бастаймыз.Психологиялық тапсырмалар беріліп,логикалық ойындар,жаттығулар,тестер,тренингтнр өткізіледі.

2025-2026 оқу жылында ортаңғы,ересектер,мектепалды даярлық тобы балаларымен танымдық пррцестерін анықтауға арналған диагностика жүргізілді.

2025 жылдың қазан-қараша айларында: ортаңғы «Қарлығаш,Самрұқ, Қыран» топтарында диагностика жүргізілді.Диагностикаға 75 бала қатысты.

Қолданылған материалдар:

1.Психологиялық бақылау

2. «Қимылдарды орында» (есте сақтау қабілетін зерттеу)

3.Психологиялық әңгімелесу

4.Не жетпейді ойы(ойлау қабілетін зерттеу)

5.Не өзгерді(зейін қабілетін зерттеу)

6.Бұл не?ойын (қабылдау қабілетін зерттеу)

Ортаңғы топ балаларымен өткізілген диагностика барысында келесі нәтиже көрсетілді:

1.Ортаңғы топ балаларының психологиялық процестерінің деңгейлері-орташа

2.Балалар үй жануарларын және оның ерекшеліктерін білмейді.Біздің психологиялық қызметте психокоррекциялық жаттығулар,тренинг,сабақ барысында ойлау мен тіл дамыту үшін саусақ және тіл жаттығуларын үйрету. Тәрбиешілер,балаларға әңгіме құрастыру жәнебалаларға үй жануарлары және оның ерекшеліктерін айту.

2025 жылдың қазан-қараша айларында ересек«Аққөгершін», «Балапан», «Бұлбұл» топтарында психологиялық диагностика жүргізілді.

Диагностикаға 74 бала қатысты.

Қолданылған материалдар:

1.Психологиялық бақылау

2.Пішіндерді есте сақта (есте сақтау қабілетін зерттеу)

3.Психологиялық әңгімелесу

4.Көршісін тап (ойлау қабілетін зерттеу)

5.Бұл не

6.Белгілерді қой (зейін қабілетін зерттеу)

7.Пішіндерді аяқта (қиялын зерттеу)

Берілетін кеңес:Тәрбиешілер ,балаларды сурет бойынша әңгіме құрастыруға және балаларды ойлау қабілеттерін дамытуға көңіл бөлу.

Психологтың жеке жұмыс жүргізу барысында жеке балалармен, мысалы,өте белсенді балалар,жұмыстар жүргізілді.

Психологиялық қызмет жұмысының мерзіміне сәйкес мектепке үйренуіне балалардың жүйке-физиологиялық дайындықтың анықтауының максаты бар

Мектепалды Ақсұңқар, Бүркіт, Шағала топтарында 80 бала қатысты Жылына 3рет диагностика алынады.

Алдын ала даярлық тобында психикалық процестерін дамуын анықтау үшін, тестер жиынтығы өткізілді.Мониторгтің көрсеткіш нәтижесі бойынша , жыл басында орта болды. Мектепалды тобы балаларының білімдерін тексеру мақсатында тест алынды.Нәтижесі балмен есептелінді.

Жалпы балалар педагогикалық-психологиялық жағынан дайын.

Балабақшада психологиялық түзету жұмыстары келесі жағдайда жүргізілді:

-Эмоциялық :Агрессивтік мінез құлық ,қорқыныш,үрейлік, өз-өзін төмен бағалау:

-Коммуникативтік : құрдастарымен қарым-қатынасы ,отбасының жағдайының сәтсіздігіне;

-Танымдық үрдісінің дамуы төмен деңгейде

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар.Ата-аналармен әр түрліжұмыстар жүргізіледі.Мысалы, танысу тренингтері,сауалнамалар,кеңестер,жеке бала туралы әңгімелесу жұмыстары.Баланың жаңа ортаға үйренуі жылдам болу үшін ата-аналар үйлерінде не істеу қажет,бала 3,4,5,6 жасында не істей білу қажет,ата-аналар көңіл-күйі балаға қалай әсер ететіні туралы кеңестерді ата-аналар жиналыстарында берілді.

Мектепке даярлық тобы балаларына ата-аналар қандай көмек жасау қажеттігі айтылды.

Ата-аналармен жұмыс жүргізу барысында ата-аналармен жакынырақ танысып,отбасы мүшелерінің бала тәрбиелеудегі ролін анықтауүшін,ата-аналардың ұсыныс-пікірлерін,ойын бөлісу мақсатында сауалнамалар,анкеталық сұрактар алынады.

Ортаңғы топқа «Баланың балабақшаға бейімделуі кезінде ата-аналарға психологиялық кеңес», «Бейімделу кезінде балаға калай көмектесу керек» т.б

Ата-аналарға психологиялық кеңес жазбаша түрінде ватсап түрінде берілді. «Қазақ баласын қалай тәрбиелеген» жазбаша түрінде,» «Баланың интеллектуалды дамуына ықпал ететін факторлар», «Мектеп жасына дейінгі 4-5 жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктері» , «Бәрі отбасынан басталады : бала,қоғам,қарым-қатынас мәдинеті»,«Балаңыз мектепке дайын ба?» сауалнама түрінде алынды.

«Балаларда ұсақ мотористі қалай дамыту керек» видео-ролик ретінде кеңес берілді.т.б

«Баланың мектепке дайындығына әсер ететін факторлар», «Балаларда агрессиялық мінез-құлықтың пайда болуы және оның алдын алу», «Баланың дамуы: ата-ана және тәрбиеші және психологтың өзара әрекеті», «Агрессивті баламен жұмыс: таңба тағусыз және жазалаусыз» , «Біз өз баламызға қаншалықты көңіл бөлеміз», «Мадақтау және қолдау: баланы не ынталандырады», «Балалардың мектепке психологиялық дайындығы», «Балабақшада буллинг; қалай байқау керек, және не істеу керек»

Педагогикалық ұжыммен жүргізілген жұмыс

Балабақшада кеңес берумен қатар
тренинг,,семинар,әңгімелесу,ойындар өткізілді.

Педагогтармен «Қошемет», «Қалай табысты баланы тәрбиелеуге болады», «Балабақша топтарында психологиялық жайлылық құру семинар-практикум», «3-4 жастағы балалар даму ерекшеліктері»,» «Баланың даму кезеңдері», «Психологиялық апталық өткізілді»

«Менің көніл-күйім», «Сіз өз әріптесіңізбен қандай қарым-қатынастасыз», сауалнама берілді, «Сіз қандай тәрбиешісіз?деген сауалға

жауап алынды. «Бала тәрбиесі», «Балалар мектепке дайынба?»деген тақырыпта кеңес берілді. «Топтағы қиын балалармен жұмыс жүргізіудің ерекшеліктері», «Гипербелсенді баламен жұмыс жасаудың ерекшеліктері», «Балалардың ойлау қабілетін ойын арқылы дамыту»,пед кенеске тренинг ұйымдастырылды.

Тәрбие-білім беру процесінің ұйымдастырылуы

05 қыркүйек күні **«Тіл мерекесі - ел мерекесі»** тақырыбында педагогтер арасында іс-шара ұйымдастырылды. Мақсаты:Педагогтердің мемлекеттік тілге деген қызығушылықтарын арттырып, бойларына патриоттық сезімді халықтың мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл», деген екен ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы.

Қазақстан халқы тілдері күні 2018 жылға дейін 22 қыркүйекте аталып өтетін. Үкімет қаулысымен осымен алтыншы жыл мерекелік дата 5 қыркүйекте тойланады.

Ата заңның 7-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» екені жазылған. Ал орыс тілі мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.





2025-2026 оқу жылындағы ата-аналар жиналысы







18 қыркүйек күні №111 орта мектептің мәжіліс залында Астана қаласы әкімдігінің «Балаларға қосымша білім беру және оқу әдістемелік орталығы» КММ бұйрығымен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарында іске асыру тетіктері» тақырыбында оқыту семинары ұйымдастырылды. Семинар барысында балабақша әдіскері Л. Дуйсекулова «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын тәжірибеге енгізу қадамдары» тақырыбындағы баяндамасын ұсынып, тәжірибесімен бөлісті.






24 қыркүйек күні балабақша педагогтеріне «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жұмыс барысында бағдарламаның негізгі мақсаты мен міндеттері таныстырылды. Бала тәрбиелеуде жас ұрпақтың бойына адалдық, әдептілік, адамгершілік, жауапкершілік, еңбекқорлық, т.б. құндылықтарын сіңіруге бағытталған кеңестер берілді. Бағдарламаны енгізе отырып алдағы уақытта өз еліне адал қызмет ететін патриот тұлғаны қалыптастыру біздің міндетіміз!









30 қыркүйек күні 1 қазан Халықаралық қарттар күніне орай «Қарттарым - асыл қазынам» тақырыбында қарияларды құттықтау мақсатында музыка жетекшісі А. Төреханованың ұйымдастыруымен мерекелік іс-шара өтті. Барлық тортардың ата-әжелері іс-шараға қатысып, балалардың құттықтауын естіп, шығармашылық қабілеттеріне тәнті болды. Өздеріне мереке күніне орай қуаныш сыйлаған балаларға бата беріп, жылы лебіздерін білдірді.










1 қазан күні ұстаздар күні мерекесіне орай «Ұстазыңды құттықта!» тақырыбында шәкірттердің құттықтау іс-шарасы музыка жетекшісі А. Осипованың ұйымдастыруымен өтті. Іс- шараға Астана Халықаралық университетінің Гуманитарлық колледжінің Мектепке дейінгі бөлімінің әдіскері Мантугелова Жансая Кажибековна шақыртылып, өз шәкірті Абдалиева Альмира Жаңабергенқызының тәжірибесіне куә болды. Тәрбиеленушілердің концерттік бағдарламасын тамашалап, құттықтауларын қабыл алды. Жас маман балабақшадағы өзінің тәжірибесін көрсетіп, ұстазын құттықтады. Іс-шараның мақсаты: Ұстазға деген құрметті арттыру, олардың ел дамуына қосқан үлесі мен адал еңбегін бағалау және жас ұрпаққа ұстаз тұлғасын үлгі ету.














02 қазан әдістемелік кеңестің №2 отырысы ұйымдастырылды. Тәрбиеші А.Ералы «Балалардың сөздік қорын толықтыру мақсатында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану» тақырыбындағы шебер сыныбымен бөлісті.











09 қазан күні «Астана дарыны дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» ұйымдастыруымен Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Елорданың еркетайы» қалалық өнер байқауының «Вокал» номинациясы бойынша Ерлан Айдай «Бүркіт» мектепалды тобының тәрбиеленушісі II орынды иеленді. Музыка жетекшісі Осипова Асыл





Жаныбекқызы





09 қазан күні «Астана дарыны дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» ұйымдастыруымен Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Елорданың еркетайы» қалалық өнер байқауының «Балалар музыкалық аспаптарында ойнау» номинациясы бойынша «Шағала» мектепалды тобының тәрбиеленушілері музыка жетекшісі Осипова Асыл Жаныбекқызының жетекшілігімен **II орынды** иеленді.



«Астана дарыны» дарынды балалар мен таланттыжастарды анықтау және қолдау орталығы

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Елорданың еркетайы» қалалық өнер байқауының қалалық кезеңі

ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы «09» қазан 2025 ж.

Номинации: Балалар музыкалық аспаптарында ойнау

Жас ерекшелігі: 5-6 жас

№	Балабақшаның атауы	Шығарманың атауы	Барлық ұпай саны	Орны
1	№45 "Самұрық" б/б	"Желеіз түнде жарық-ай" авторы: Абай Құнанбаев	30	Бас жүлде
2	№95 "Алматы" б/б	"Концерт"	29.6	I
3	№ 96 "Аяла " б/б	"Әке толғауы" автор: Асылбек	29.6	I
4	№86 "Зияткер" б/б	"Абай сазы" (попурри)	29.6	I
5	№ 4 "Аружан" б/б	"Айттым сәлем, Қаламқас"	29.3	I
6	№18 "Аяжан" б/б	"Ерке сылқым" күйі	29.3	I
7	№1 "Бәйтерек" б/б	Н. Тлендиев, "Ата толғауы",	29	I
8	№35 "Ертегі" б/б	"Шедевры музыки"	29	I
9	№52 "Еркетай" б/б	«Поппури әуендері»	29	I
10	№38 "Шаттық" б/б	Халық күйі "Нәр ағашы"	29	I
11	№60 "Арай" б/б	Оркестр "Рух"; Автор: Дидар	28.3	II
12	№49 "Алтынай" б/б	А. Еисенов "Концерт"	28.3	II
13	№32 "Балдәуреи"	Түрік күйі	27	II
14	№53 «Мерей» б/б	Астана думан (автор-Абай	27	II
15	№81 "Әсемгүл" б/б	Астана думан, Абай Абишев	26.6	III
16	№56 "Берекс" б/б	"Түрік марши"	26.6	III
17	№2 «Батыр» б/б	Әбдімомын Желдібаев	26	III
18	№78 "Асыл" б/б	Концерт Будашкина	26	III
19	№92 "Жауқазын" б/б	"Концерт" 1-4 Н.Будашкин	25.6	III
20	№7 «Аққу» б/б	Поппури (композиция) орыс	25.3	III



«Астана дарыны» дарынды балалар мен таланттыжастарды анықтау және қолдау орталығы

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Елорданың еркетайы» қалалық өнер байқауының қалалық кезеңі

ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы «09» қазан 2025 ж.

Номинация: Вокал

Жас ерекшелігі: 5-6 жас

№	Балабақшаның атауы	Қатысушының тегі, аты	Шығарманың атауы	Барлық ұпай саны	Орны
1	№45 "Самұрық" б/б	Азамат Диана	"Бала бақыты"	50	Бас жүлде
2	№37 "Арман" б/б	Берікұлы Азамат	"Туған ел "	49.6	I
3	№81 "Әсемгүл" б/б	Бийбулат Аянат	"Кішкентай қыыршақ".	48.3	I
4	№18 "Аяжан" б/б	Мұрат Айлин	«Балабақша»	48	I
5	№ 21 "Гүлдер" б/б	Огоновский Даниил	"Самая любимая Родина моя"	46.3	I
6	№32 "Балдәуреи" б/б	Урдабаев Алимхан	"Біз бақытты балалыз" эні:	46.3	I
7	№14 "Ақбөпе" б/б	Орынбасар Айбибі	Әжетайым	46	I
8	№49 "Алтынай" б/б	Ерлан Айдай	"Отан менің жүрегім"	45.3	II
9	№86 "Зияткер" б/б	Еркен Айым	"Біз бақытты балалыз"	45.3	II
10	№35 "Ертегі" б/б	Хабылхан Айғаным	"Атамекен"	45.3	II
11	№67 «Шұтыла» б/б	Сарсенгалиева Айдана	"Аяулы анашым"	45	II
12	№93 "Айгөлек" б/б	Данисқызы Сафия	"Ертегілер әлемі"	44.6	II

2025 жылдың 10 қазан күні №49 «Алтынай» балабақшасында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында **«Ұлттық тәрбие - балабақшадан басталады»** тақырыбында қалалық семинар өтті. Мақсаты - «Адал азамат»біртұтас тәрбие бағдарламасын мектепке дейінгі білім беру ұйымында іске асыру және қолдану аясын көрсете отырып,педагогтермен іс-тәжірибе алмасу. Іс- шараға ата-аналар яғни «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі» және педагогтер, Астана қаласы әкімдігінің «Балаларға қосымша білім беру және оқу -әдістемелік орталығы» КММ әдіскерлері А.К. Исабекова, Астана қаласы әкімдігінің №30 мектеп-гимназиясы, Астана Халықаралық Университетінің Жоғары Педагогикалық колледжі, серіктес балабақшалар педагогтері және «Педагог жаршысы» республикалық танымдық-әдістемелік журналының техникалық редакторы, журналист Айсұлу Бәделқызы қатысты. Іс- шара барысында педагогтер мен тәрбиеленушілер мемлекеттік әнұранды орындап, ұлттық аспаптар оркестрінде ойнады. Аналардың және Педагогикалық колледж студенттерінің қатысуымен «Ерке сылқым», «Келіншек» күй күмбірін сыйлады. Әкелер мектебінің қатысуымен «Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» бестемше, бескеней және садақ ату көрсетілді. Әжелер мектебінің қатысуымен «Адал азамат қандай болу керек?» қойылымын көрсетіп бала тәрбиесіндегі рөлін айқындап берді. «Адал азамат - болашаққа бағдар» - бұл тек ұран емес, бұл - еліміздің келешегін айқындайтын құндылық. Әрбір азаматтың бойындағы адалдық пен ұлт алдындағы адал қызмет – еліміздің табысты дамуының негізі.




















13 қазан күні **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын** іске асыру мақсатында «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында барлық топтар арасында шығармашылық сурет көрмесі ұйымдастыруды. Шығармашылық қабілеттерін арттыра отырып патриоттық сезімдерін ояту мақсатында көрмеге ата-аналар мен тәрбиеленушілер белсене атсалысты. Мемлекеттік рәміздерді түрлі әдіс-тәсілдермен бейнелеп өз өнерлерін көрсетті.






25



Республика
күні
25
қаза




















15 қазан күні **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын** іске асыру мақсатында Балалар кітапханасы жобасы аясында **«Жас тыңдармандар»** яғни «Бүркіт» мектепалды тобының тәрбиеленушілерімен кітапханаға саяхат ұйымдастырылды. Астана қаласының №4 балалар кітапханасына саяхаттап

барып кітапханада өзін қалай ұстау тәртібімен, ережелерімен танысты. Кітапхана қызметкерлері балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып түрлі әдеби кітаптармен таныстырып, қызығушылықтарын арттыра білді. Қызықты 3Д форматындағы ертегі кітаптарын қарап, түрлі ойындар ойнап танымдық қабілеттерін арттырды.













16 қазан күні «Астана дарыны дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» ұйымдастыруымен Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Көркемсөз шебері» қалалық мәнерлеп оқу байқауына тәрбиеші Андасова Лаура Есиркеповнаның жетекшілігімен «Ақ сұңқар» мектепалды тобының тәрбиеленушісі Боранбай Айша Абай Құнанбаевтың «Құлақтан кіріп бойды алар» туындысымен қатысып, **I дәрежелі** дипломды иеленді.







17 қазан күні «Таза Қазақстан» акциясы аясында «Ақ сұңқар» мектепалды тобының тәрбиеленушілерімен Астана қаласының №4 балалар кітапханасына саяхат ұйымдастырылды. Кітапхана қызметкерлері балаларға экологиялық тәрбие негізінде түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, табиғатты, қоршаған ортаны аялауға шақырды. Таза экология адамның денсаулығының кепілі болатынын айтып, «Табиғатты аяла!» тақырыбында суреттер салып шығармашылық қабілеттерін арттырды.












20 қазан «Жол картасы» аясында Мектеппен сабақтастық жоспарын іске асыру мақсатында 1 сынып оқушылар мен мектепалды топ тәрбиеленушілері арасында «Денсаулық – басты байлық» атты ұлттық және спорттық ойындар эстафетасы ұйымдастырылды. Ойынның мақсаты балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу, қозғалыс белсенділігін арттыру, жеке жауапкершілік пен шапшаңдықтарын дамыту және денсаулық сөзінің мағынасын ұғындыру.











23 қазан күні мектепалды «Шағала», «Ақ сұңқар», «Бүркіт» топтары арасында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында «Мен Отанымммен мақтанамын!» тақырыбында мерекелік ертеңгіліктер ұйымдастырылды. Ертеңгілікке балалар белсене қатысып, шығармашылық қабілеттерін арттырып, патриоттық сезімдерін оятты.











№ 2 педагогикалық кеңеске ұйымдастырылған

ашық іс - әрекеттер кестесі

№	Топ атауы	Тақырыптар	Өткізу уақыты	Жауапты педагогтар
1	«Ақ сұңқар» ересектобы	«Біз шыныққан баламыз!»	09.00	Дене тәрбиесі нұсқаушысы Б.Бағдатова
	«Бүркіт» мектепалды тобы	«Кім тапқыр?» (коммуникация)	09.30	А.Назарова
	Психологиялық іс-әрекет	«Менің таңдауым-денсаулық» салауатты өмір салтын сақтауға байланысты тренинг	10.00	Т.Туякбаева
2	«Ақ көгершін» ересек тобы	«Біз шыныққан баламыз!»	09.00	Дене тәрбиесі нұсқаушысы А.Ибраева
	«Ақ сұңқар» ортаңғы тобы	«Кім ізденімпаз?» (коммуникация)	09.30	Л.Андасова
	«Балапан» ересек тобы	«Математика еліне саяхат»	10.00	Л. Акниязова
3	«Аққу» ересек тобы	«Біз зияткер баламыз!»	09.00	А.Бестаева
	«Бұлбұл» ересек тобы	«Қызықты математика»	09.30	С.Рахметова
	«Ақ көгершін» ересек тобы	«Логика әлемі»	10.00	Н. Бершімбаева
4	«Қарлығаш» ортаңғы тобы	«Табиғат біздің досымыз» (әлеумет)	09.00	А. Косбармахова
	«Қыран» ортаңғы тобы	«Қамқор бала боламыз» (әлеумет)	09.30	М.Мырзақұлова
	«Самұрық» ортаңғы тобы	«Бізді қоршаған орта» (әлеумет)	10.00	Б. Рашаева
5	«Шағала» мектепалды тобы	«Кім білгір?» (коммуникация)	09.00	А. Мықтыбаева
	«Аққу» ересек тобы	«Мамандықтың бәрі жақсы»	09.30	А.Абдалиева
	«Ақ көгершін» ересек тобы	«Ерте, ерте, ертеде...»	10.00	А. Ералы

13. 11. 2025 жылы «Ақ сұңқар» ересек тобының тәрбиешісі Л. Андасова 20 тәрбиеленушімен «Кім ізденімпаз?» тақырыбында кіріктірілген іс-әрекет ұйымдастырды. Балалар музыка әуенімен саппен жүріп келіп амандасып, шаттық шеңберін жасады. Сөйлейтін ендегі сандарды тура және кері санады. Жыл мезгіліне байланысты қойылған сұрақтарға жауап берді. Жыл мезгіліне байланысты 4 топқа бөлініп түрлі тапсырмалар орындады. Тапсырма орындау барысында әдемі музыка әуені ойнап тұрды. Тәрбиеші қауіпсіздік ережелерін ескертіп өтті. 1 топ берілген ағашқа саусақ ұшын сары

бояуға батыру арқылы жапырақтар бейнеледі. 2 топ макарон өнімінен жапсырылып жазылған әріптерді қылқаламмен бояп шықты. Бояу барысында «Тілге бойлау» бағдарламанын еске түсіріп тақпақтарын айтты. 3 топ ермексаздан жасалған жүгерінің есебін шығарды, яғни көрсетілген санды жүгері дәнімен сәйкестендірді. 4 топ жерде көрпешеде отырып «Қошқар мүйіз» оюын гупкамен бояп шықты. Әр тапсырма қорытындыланып отырды. Шеңберге тұрып музыкалық-қимылдық ойын ойнады. Әуен тоқтаған сәтте тәрбиешінің көрсеткен әріпін екі бала бірге көрсетуге тырысты. Ойын қызықты, сәтті шықты. Мнемотехника әдісін қолдана отырып жердегі карточкаларда берілген суреттерді бір – бірімен байланыстырып ретімен әңгіме құрастырып шықты. Балалар тапсырманы қызыға орындады. «Сандарды сәйкестендір» математикалық ойынын ойнады. 1-8-ге дейінгі сандарды берілген шариктермен теңестіріп жинады. Ойын қызықты болды. Балаларға қорытынды сұрақтар қойылып, алған әсерлерімен бөлісті. Балалар өте белсенді, тәрбиеші жан-жақты ізденіп, дайындалған. Жоспар балалардың жас ерекшелігіне сай құрылған. Ұйымдастырылған іс-әрекет ***жақсы*** деңгейде ұйымдастырылды.

Ұсыныстар:

- балалардың коммуникативтік құзіреттілігін арттыру мақсатында сұрақтарға бір сөзбен ия-жоқ емес, толық жауап беруін қадағалау керек;

- топқа бөлгенде балаларға еркіндік беру керек, бала өзі қай топпен жұмыс жасағысы келеді таңдау өз еркінде болғаны дұрыс.

- тапсырмаларды көрсету, түсіндіру барысында әр тапсырманы жеке мальбертке ілу қажет немесе екеуін кезектестіріп ілу керек.










13.11.2025 жылы «Бұлбұл» ортаңғы тобының тәрбиешісі Рахметова Салтанат Кадрияевна «Қызықты математика» тақырыбында 18 баламен кіріктірілген іс-әрекет ұйымдастырды. Балалар «Біз бақытты баламыз» әнімен топқа кіріп, сұрақтарға жауап берді. Балалар үстелді жағалап тұрып нейро ойын ойнап миға шабуыл жасады. Түстерді ажыратып, кеңістікті бағдарлады. Көрсетілген бағыттармен жүріп келіп көрпешеге жайғасты. «Тілге бойлау» бағдарламасына тоқталып тақпақтар айтты. Қоржыннан шыққан карточкаларды қолдана отырып асықтың бүк, шік, тәйкі, алшысын ажыратты. Карточкада берілген ойын тапсырмаларды орындады. 1- сары, 2-қызыл, 3-жасыл, 4- көк түсті сандардың түсіне қарай асықтарды орналастырып, сәйкестендірді. Тапсрманы балалар қызығы орындап шықты. Құрастыруға берілген қима фетрлерді қолдана отырып нүктесі мен санын салыстырды. Шеңбер бойымен санамақ айту арқылы қалтадан шыққан асықтағы санға қарап жұптасу, топтасу ойынын ойнады. Балалар бойларын сергітіп кілемге жайғасты. Таяқшалар мен пішіндерді қолдану арқылы тәрбиешінің көрсеткен үлгісіне қарай биік-аласа ұғымына тоқтала отырып үйлер құрастырды. Балаларға қызықты болды. Тәрбиеші қорытынды сұрақ қойып іс-әрекетті аяқтады.Ұйымдастырылған іс-әрекетке балалар белсене қатысты. Педагог жоспарды балалардың жас ерекшелігіне сай құрған, тиянақты дайындалған. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет ***жақсы*** деңгейде ұйымдастырылды.

Ұсыныстар:

- балалардың коммуникативтік құзіреттілігін арттыру мақсатында сұрақтарға бір сөзбен емес, толық жауап беруін қадағалау керек;
- тапсырмаларды орындау барысында күй күмбірі жетіспеді;
- бірінші тапсырмаға көбірек уақыт кетіп қалды, уақытты үнемді пайдалану қажет;
-сұрақ қойылған соң баланың жауап бергенін күту керек, тәрбиеші өзі асығып жауап бере салуға болмайды;








18 .11.2025 жылы «Қарлығаш» ересек тобының тәрбиешісі Бестаева Асем Рамазанқызы 15 тәрбиеленушімен «Біз зияткер баламыз» тақырыбында кіріктірілген іс-әрекет ұйымдастырды. Балалар ерекше амандасып кіріп, сөйлейтін еден әдісін қолдана отырып кеңістікті бағдарлады. Сөйлейтін төбе әдісін қолдана отырып қойылған сұрақтарға жауап берді. Көрпешелерге отырып құтыда тұрған мөлдір суды шайқау арқылы зерттеу жұмысын жасады. Судың түстері қызыл, жасыл, сары, көк түске өзгеріп балалардың қызығушылығын оятты. Судың түсіне қарай топтарға бөлініп белгі бойынша үстелге топтасты. Әр топ өзіне берілген логикалық, зияткерлік тапсырмаларды тәрбиешінің түсіндіруі арқылы қызыға орындап шықты. Тапсырманы қорытындылап, жасырылған жұмбақтың шешуін тапты. (*жылқы)* Ұлттық ойын «Теңге ілу» ойынын ойнады.Ғажайып сәт орнап көрпешеде отырып алдыларына берілген дәннің карточкаларын жырту арқылы ішінен шыққан асырынған көкөністер мен жемістердің атын атап, екі себетке топтастырды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетті қорытындыланды. Ұйымдастырылған іс-әрекет ***жақсы*** деңгейде ұйымдастырылды.

Ұсыныстар:

- Балалардың киім үлгісі біркелкі болса әдемі болар еді;
- Тапсырма орындау барысында күй күмбірін қосу керек;
- Көрнекі құралдарды, үлгі карточкаларды дайындаған кезде этикаға мән беру керек;
- Балаларға толық жауап беруді үйрету;
- Орыс тілді балалармен жеке жұмыстар жасау қажет;








«Балапан» ересек тобының тәрбиешісі Л.Акниязова 23 тәрбиеленушімен «Математика еліне саяхат» тақырыбында ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізді. Шаттық шеңберін жасап, жыл мезгіліне байланысты сұрақтарға жауап берді. Адалдық әліппесі бағдарламасына сүйене отырып «Сыпайы сөздер сөресі» тақырыбында ойын ойнады. Ойын барысында балалар «Сәлеметсіз бе», «рахмет», «кешіріңіз», «өтініш» сөздеріне тоқталды. 8 минуттық ертегі оқу барысында карточкадағы суреттерді көрсету арқылы

күнделікті айтылып жүрген ертегі кейіпкерлеріне тоқталды. Ғажайып сәтке сыртқы есік қағылып, домбырамен ән айтып Алдар көсе қонаққа келді. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізілгелі бері өтірік айтпай, адал азамат болып жүргенін айтты. Балалармен амандасып, қазақтың ұлттық ойыны «Ақ сүйек» ойынын алып келгенін айтты. Сынық сүйектерді тәрбиешіге беріп, тапсырмаларды дұрыс орындаған жағдайда сүйектің екінші жартысын табуға болатынын түсіндірді. 1-5-ке дейін тура және кері санап бірінші сүйектің жартысын тапты. «Тілге бойлау» бағдарламасы аясында санамақ айтып, логикалық ойындар ойнап екінші сүйектің жартысын тапты. Көк және қызыл түсті алқаларды таңдау арқылы екі топқа бөлініп үстел үстінде тапсырмалар орындап үшінші сүйектің жартысын тапты. Музыка әуенімен бойларын сергітіп алып, жұптық жұмыс жасап төртінші сүйектің жартысын тапты. Қимылды ойын ойнап физикалық қабілеттерін арттырды. Қонаққа келген Алдар көсемен қоштасып, қорытынды сұрақтар қойылып, жауаптар алынды. ҰІӘ жоспары жақсы құрылған. Педагог жан-жақты дайындалғын, ізденген. Ұйымдастырылған іс-әрекет ***жақсы*** деңгейде ұйымдастырылды.

Ұсыныстар:

- Сұрақтарға толық жауап беруге және қол көтеріп жеке жауап беруге үйрету қажет;
- Тәрбиеші балалардың назарын өзіне аудартып отыру мақсатында дауыс ырғағын өзгертіп отыру қажет;
- Шығармашылық жұмыстарын жасау алдынжа міндетті түрде қауіпсіздік ережелерін ескерту керек;
- Желім қолданғандықтан үстелде бала басына жетерліктей майлық болу керек;








19.11.2025 жылы **«Қарлығаш» ортаңғы** тобының тәрбиешісі Косбармахова Аймереке Рахатовна «Табиғат біздің досымыз» тақырыбында **18** баламен кіріктірілген іс-әрекет ұйымдастырды. Балалар көрпешеде отырған жерінен тұрып амандасып, шаттық шеңберін жасады. Жыл мезгіліне байланысты қойылған сұрақтарға толығымен жауап берді. «Эйдетика» әдісін қолдана отырып күзде пісетін көкөністер мен жемістерді суретіне бір қарап алып, мальбертті теріс қаратып қойып қандай жемістерді көргенін сұрау арқылы есте сақтау қабілеттерін тексерді. Көрпешеде отырып құстарға арнайы қиылған пішіндерді қолдана отырып ұя құрастырып «үлкен-кіші» ұғымына тоқталды. «Торғайлар» әнін айту арқылы тыныс алу жаттығуын жасады. Сұрақ қою арқылы үстел үсті тапсырмаға беттеді. Есікте жапсырылған оюларды таңдау арқылы екі топқа бөлінді. 1 топ жапырақтың көлеңкесін ұнды қолдану арқылы , 2 топ гупкны қолдану арқылы ағашқа жапырақтар бастырды. Сузыка әуенімен сергіту сәтін жасап, құстарды тамақтандырды. Яғни ыдыстағы манка ұнтағының ішінен бидайларды тауып торғайдың аузына толтырды. Осы әрекет арқылы ұсақ қол моторикасын дамытты. Қорытынды сұрақтар қойылып, балалардан жауаптар алынды. Ұйымдастырылған іс-әрекетке балалар белсене қатысты. Киім үлгілері еркін, таза, ыңғайлы болды. Педагог жоспары балалардың жас ерекшелігіне сай құрылған, тиянақты, жан-жақты дайындалған. ҰІӘ ***жоғары*** деңгейде ұйымдастырылды.

Ұсыныстар:

- карточкамен жұмыста артық түсті қолдануға болмайды;
- шығармашылық жұмыстарды майлықты алдын ала дайындау, жұмыс соңында қолдарын жақсылап сүртуді ескерту қажет;








19.11.2025 жылы **«Аққу»** ересек тобының тәрбиешісі Абдалиева Альмира Жаңабергенқызы 19 тәрбиеленушімен «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында кіріктірілген іс-әрекет ұйымдастырды. Балалар ерекше амандасып, шаттық шеңберін жасады. Гүлдана әжесінің ауырып жатқанын айтып, тәрбиешіге хат берді. Хатта әжесіне көмек керек екені айтылған. Оюлы текшемен секіріп өтіп топқа кірді. Топта дәрігерге кездесіп кеңес алды және әжеге қажетті дәрумендерді алды. Үстел үстінде карточкамен жұмыс жасап, әжеге ыстық сорпа алу үшін аспазшыға жолықты. Музыка әуенімен бойларын сергітіп алып, банкоматтан ақша шешіп алды. Дүкеншіге келіп әжеге арнайы дәруменге толы жемістер мен көкөністер сатып алып әженің үйіне барды. Әжемен амандасын жерде отырып текеметтің үстінде құрақтар құрап шықты. Әже алғысын айтып, балалар қойылған қорытынды сұрақтарға жауап берді. Киім үлгілері еркін, таза, ыңғайлы болды. Педагог жоспары балалардың жас ерекшелігіне сай құрылған, тиянақты, жан-жақты дайындалған. ҰІӘ ***жақсы*** деңгейде ұйымдастырылды.

Ұсыныстар:

- Сұрақтарға толық жауап беруді үйрету;
- Қаржылық сауаттылықты ашып, толық түсіндіру керек еді;
- Құрақ құраған пішіндерін сұрау, түсін сұрау керек;
- Ұіә 18 минутта аяқталды, тапсырмалары аздық етті;
- Жұптық жұмыста балаларға берілетін материалдың көлемі А3 болу керектігін ескеру;







25.11.2025 жылы **«Шағала»** мектепалды тобының тәрбиешісі Мықтыбаева А.Д. «Кім білгір?» тақырыбында 20 тәрбиеленушінің қатысуымен ұйымдастырылған іс-әрекет өткізді. Балалар шаттық шеңберін жасап, қойылған сұрақтарға жауап берді. «Ия-жоқ» ойынын қимылмен көрсету арқылы көңілді ойнап шықты. Қолшамды қапшыққа жағу арқылы ішінен шыққан сәукеле, домбыра, асықтың суретіне қарай үш топқа бөлініп үстелдегі тапсырмаларды орындады. «Сөз ойла, тез ойла!» ойынын берілген әріптерге байланыстырып атап отырды. А-алма, асық, ата, апа, ағаш, т.б О- орақ, ожау, орман, ойын, орындық, т.б. Қ- қасық, қалам, қарындаш, қалақ, қарбыз, т.б. Т- тарақ, тауық, тарелка, тостаған, т.б. С- сағат, сақина, салат, саусақ, сүт, сиыр, т.б. П- піл, пенал, планшет, парта, пияз, т.б. Берілген карточкадағы суретке дыбыстық талдау жасап, дауысты-дауыссыз дыбыстарды атап шықты. Мнемо кесте арқылы сөйлемдер құрап, сөздерді буынға бөліп шықты. Мнемо кестеге сүйене отырып мақал-мәтелдер айтты. «Кім жылдам?» қимылды ойынын ойнады. Математика еліне саяхат жасап 1-10-ға дейінгі сандарды тура және кері санар шықты. Үстел үстінде кеңістікті бағдарлап тапсырмалар орындады. Қорытынды сұрақтар қойылып, күн көзінің шуақтарына макарондарды тізіп моншақ жасаумен іс-әрекетті аяқтады. Педагог жан-жақты ізденген. Жоспар балалардың жас ерекшелігіне сай құрылған. Педагог түрлі қызықты тапсырмалар орындату арқылы алдына қойған мақсатына жете білді. Балалар әдемі, таза киінген. Үіә өте белсенді қатысты. Сұрақтарға толық жауап бере білді. Көрнекі құралдары эстетикалық талғамға сай әзірленген. ҰІӘ ***жоғары*** деңгейде ұйымдастырылды.

Ұсыныстар:

- Сұраққа толық жауап беруге, қол көтеріп жауап беруге үйрету;
- Топқа бөлінетін кезде уақытты үнемді тұтынуды ескеру қажет;
- Ойынның ережесі балаларға түсінікті болуын және қауіпсіз болуын, кеңістіктің көлемін ескере отырып таңдау керек;
- Топқа бөліну үшін алған қалталарын салатындай үстел үстіне арнайы ыдыс қою керек, балалар бөлінген соң қалташалармен ойнап кетті;









25.11.2025 жылы **«Қыран»** ортаңғы тобының тәрбиешісі М. Мырзакулова 20 тәрбиеленушімен ұйымдастырылған іс-әрекетін өтті. Балалар шаттық шеңберін жасап, сұрақтарға жауап берді. Теледидардан үй жануарларының суреттеріне қарап атауларын атап шықты. Үстел үстінде контейнерлерге жапсырылған үй жануарларының суретіне қарап тесіктерінен жем-шөп салып тамақтандырды. «Қошақаным» әнін айтып, бойларын сергітті. Үстелден мақта мен қайшының суреттерін таңдау арқылы екі топқа бөлініп 1-топ қойдың жүнін қиды, 2-топ қойдың жүнін жапсырды. Тәрбиеші қауіпсіздік ережелерін ескертіп өтті. Көрпешелерге отырып «Сәйкестендір» дидактикалық ойын ойнады. Карточкада жасырынған көкөністер мен жемістердің суретін маркермен боялған бояуын мақталы таяқшалармен өшіру арқылы тауып, қолындағы таяқшаларға бекітілген жемістер мен көкөністерге сай сәйкестендіріп шықты. Ұіә-ке балалар белсене, қызыға қатысты. Ұйымдастырылған іс-әрекет ***жақсы*** деңгейде ұйымдастырылды.

Ұсыныстар:

- Сұраққа толық жауап беруге үйрету;
- Топқа бөліну үшін алған карточкаларының көлемі баланың алақанының көлеміндей болу керек;
- Тәрбиеші қауіпсіз, жайлы аяқ киім кигені жөн;
- Әр іс-әрекетті қорытындылап отыру қажет;
-








25.11.2025 жылы **«Ақ көгершін»** ересек тобының тәрбиешісі Бершімбаева Н.Б 12 тәрбиеленушімен «Логика әлемі» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізді. Балалар есік аузында амандасып, жерлегі ленталарға назар аударып жуан-жіңішке, алыс-жақын ұғымдарына тоқталды. Шаттық шеңберін жасап, жыл мезгіліне байланысты қойылған сұрақтарға жауап берді және ЖИ қолданып музыкалық сәлемдеме жасады. Айша мен Айгүлдің айырмашылығын тапты. Екі қыздың дайындаған тапсырмаларын сандықшадан шығарып орындады. «Пішіндерді орнына орналастыр!» тапсырмасын жерде көрпешеде отырып орындады. Музыка әуенімен үстел үстінде жеке жұмыстар жасады. Фасоль мен санды сәйкестендіру және адасқан ұқсас сандарды топтастыру жұмысын қызыға орындап шықты. Жерде көрпешеге отырып логикалық тапсырмалар орындап, санамақ айтты. Асық туралы аңызды тыңдап, ұлттық ойындар мен төрт түлік малға тоқталды. «Қара жорға» әніне асықты үстелге соғу арқылы қосылып әуен шығарды. Қыстырғыштарды қолдану арқылы құтының қақпағына жапсырылған сандарға сәйкес құрсауларды іліп шықты. Қорытынды сұрақтарға жауап берді. Ұйымдастырылған іс-әрекет ***жақсы*** деңгейде ұйымдастырылды.

Ұсыныстар:

- Ленталардың түсін дұрыс атау керек;
- Пішіндерді сұраған соң оның түсіне де тоқталған жөн;
- Дидактикалық материалдар балабалрға жеткілікті мөлшерде болуын қадағалау қажет;








27.11.2025 жылы **«Ақ көгершін»** ересек тобының тәрбиешісі **Ералы** Айнұр Ерғалиқызы 15 тәрбиеленушімен «Ерте, ерте, ертеде...» тақырыбында ашық

ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізді. Балалар музыка әуенімен қасықтарды қоладну арқылы ортаға шығып шеңберге тұрды. Жал мезгілдері мен апта күндеріне байланысты сұрақтар қойылып, жауаптар алынды. «Үйшік» ертегісінің желісімен ұйымдастырылды. Жасанды интеллект қолданылды. Әженің дайындап кеткен тапсырмаларын орындап шықты. Аптаның дәйек сөздерін айтып, «жоғары-төмен, биік-аласа» ұғымына тоқталды. Музыка әуенімен сергіту жаттығуын жасап, 1-4-ке дейін тура-кері санады. Топқа бөліну үшін мальберттен алдымен қыздар, кейін ұлдар келіп карточкалар алу арқылы үш топқа бөлінді. «Шалқан», «Алдар көсе», «Жеті лақ» ертегісінің суретін топпен құрастырып, ертегі желісін сұрақтар қою арқылы естеріне түсірді. «Маған қарап қайтала!» ойынын музыка әуенімен қызыға ойнап шықты. Дәстүрден тыс технологияны қолдана отырып жеке шығармашылық жұмыстар жүргізілді. Смарт бала қолданылды. Балалар берілген қорытынды сұрақтарға жауап берді. Ұйымдастырылған іс-әрекет ***жоғары*** деңгейде ұйымдастырылды.

Ұсыныстар:

- Қажетті құралдарды, қасықты салатын арнайы ыдыс дайындап қою керек;
- Тапсырманы қорытындылағын сәтте барлық баланы назарға алу шарт;
- Педагогтің эмоциясы өзгеріп отыру керек;








27.11.2025 жылы **«Самұрық»** ортаңғы тобының тәрбиешісі Б. Рашаева «Бізді қоршаған орта» тақырыбында 22 тәрбиеленушімен ұйымдастырылған іс-әрекет өткізді. Балалар шаттық шеңберін жасап, жыл мезгіліне байланысты сұрақтарға жауап берді. Тіл ұстарту жаттығуларын жасады. Орманға саяхаттау мақсатында бақшадағы жемістерді ағашқа жапсырды, көкөністерді жерге жинады. Видео ролик арқылы поездға отырып саяхаттап орманға

келді. Орманда бауырсақты жолықтырып оның тапсырмаларын орындады. Тапсырмаларды орындау үшін мойындарына тағылған сары, жасыл жапырақтардың түсіне қарай бөлінді. Әр топ өздеріне берілген тапсырмаларды тиянақты орындап шықты. Барлық тапсырмада ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған болды. Балалар өте белсенді қатысты. Тәрбиеші жан жақты дайындалған. Дидактикалық материалдары эстетикалық талғамға сай дайындалған. Ұйымдастырылған іс-әрекет ***жоғары*** деңгейде ұйымдастырылды.

Ұсыныстар:

- Шығармашылық іс-әрекеттерін ұйымдастырмас бұрын қауіпсіздік ережесін сақтауды ескерту қажет;
- Әр тапсырманы қорытындылау қажет;
-








27.11.2025 жылы **«Бүркіт»** мектепалды тобының тәрбиешісі А.Назарова «Кім тапқыр?» тақырыбында 22 тәрбиеленушімен ұйымдастырылған іс-әрекет өткізді. Әріптерге байланысты ертегі желісімен басталды. Балалар шаттық шеңберін жасап, жыл мезгілдеріне , апта күндеріне байланысты сұрақтарға жауап берді. Қаржылық сауаттылыққа тоқталды. Тиындарды таңдау арқылы 3 топқа бөлініп үстел үстінде тапсырмалар орындады. Математика еліне саяхат жасап1-10-ға дейін тура және кері санады. Логикалық сұрақтарға жауап беріп, Сергіту сәтін жасады. «Жоғары-төмен, биік-аласа» ұғымдарына тоқталды. Сөздерге дыбыстық талдау жасап, А.Құнанбаевтың өлеңдерін айтып, қорытынды сұрақтарға жауап берді. ҰІӘ балалар белсене қатысты. Сұрақтарға толығымен жауап беріп,

тапсырмаларды тиянақты орындады. Ұйымдастырылған іс-әрекет ***орташа*** деңгейде ұйымдастырылды.

- Музыкалық әуен , күй күмбірі болмады;
- Тапсырмалар көбінде ауызша орындалды;
- Әр тапсырма арасында байланыс болуы шарт;



Тақырыбы: «Армысың, Алтын күз!» тақырыбындағы мерекелік ертеңгіліктердің анықтамасы

Мақсаты:

1. Балабақшадағы ертеңгіліктерді өз дәрежесінде ұйымдастыру.
2. Балалардың қуаныш сезімдерін, ертеңгіліктерде өлең айту,сахналық көріністер ойнау,әндер айту, ойындар ойнап, билер орындауға қатысу ықыласына тәрбиелеу және ертеңгілікте көркемөнердің барлық түріне белсене қатысуға талпындыру.

Балабақшадамерекелік ертеңгіліктер жоспар бойынша жүзеге асырылуда.

Тәрбиешілердің осы өткізген ертеңгіліктер бойынша салыстырмалы бақылау жүргізілді. Ертеңгіліктерді мына талаптар бойынша талқыланды:

- Ертеңгілікке дайындығы(залды безендіру, ертеңгіліктің үлгі жоспары, билерге арналған құралдар,таңғажайып сәт, балалардың киімдері.

- Балалардың әрекеті: ән айту,өлеңнің сөздерін білу,мәнерлеп айтуы,сахнаға шығу әдісі,би ырғағын дұрыс орындауы,ойынның шартын білуі,ойнай алуы.
- Жүргізуші-тәрбиешінің әрекеті: жүргізу шеберлігі,ертеңгіліктің ретін білуі,киімі,кіруі,шығу әдісі, мәнерлеп сөйлеуі, дауыс ырғағын құбылта алуы, балаларды басқара білуі.
- Ертеңгіліктің тақырыпқа сәйкестігі.

2025-2026 оқу жылының 04-05 қараша күндері балабақшада «Армысың, Алтын күз» тақырыбында мерекелік ертеңгіліктер ұйымдастырылды. Барлық топтар кестеге және талаптарға сай ұйымдастыра білді. Ертеңгілікке ата-аналар белсене қатысып, балаларға қолдау көрсетті. Ата-аналармен ойындар ұйымдастырылып, балалық шақтарына саяхат жасап қайтты.

2025 жылдың 04 қараша күні ең алдымен «Балапан» ересек тобы ертеңгілікті бастады. Ата –аналардың қатысуымен 24 баламен тәрбиеші Л. Акниязова және М. Еркенованың ұйымдастыруымен өтті. Балалар музыка әуенімен залға кіріп, жапырақтарымен би биледі. Тәрбиеші балаларды құттықтап, балалар күз мезгіліне байланысты «Күзім-күзім» әнін шырқады. Күз мезгілінің байлығына байланысты тақпақтарын жатқа айтты. Музыка әуенімен ортаға Кірпі шығып себетке жеміс-жидегін жинады. Түлкі мен кірпі кездесіп әңгіме құрды. Қыздар әдемі әуенге би билеп, Кірпі жоғалтып алған жеміске толы себетін іздеп жылай бастады. Қырманшылар Кірпіге би билеп себетін табуға көмектесті. Түлкі мен аю орманда кездесіп қалып балалар тақпақтарын айтып берді. Ата-аналар «Кім жылдам?» ойынын ойнап өздерінің ептіліктерін көрсетті. «Күз» әні шырқалып ортаға Бұлт шығып балаларды мерекемен құттықтады. Музыкалық ойын ойнап , «Қолшатыр» биін биледі. Балалар мерекеге сай әдемі киінген. Жоспар құру барысында балалардың жас ерекшелігі ескерілген. Әндердің сөзін жатқа біледі. Екі тәрбиешінің арасында байланыс болмауына байланысты үзіліс өте көп болды. Жалпы ертеңгілік ***орташа*** деңгейде жүзеге асырылды.

Ұсыныс:

- балаларға берілген жапырақтар әртүрлі емес бірдей болуы керек;
- дайындық барысында жапырақпен кіріп билеп қайта орнына отырған соң үстелдің астына тығып қоямыз деп алдын-ала үйрету қажет;
- тақпаққа бірінші баланың есімін айтқан соң артынан басқа балалар өз еркімен еріп келіп тақпағын айтып , бастарын иіп, орындарына шашырамай саппен кету керек;
- үзіліс өте көп болды, қойылым болып жатқан сәтте келесі нөмірдің атрибуттарын таратып үлгеру керек;
- ата-аналардың ертеңгілікке дұрыс киініп келуін қадағалау керек;
- ойын ережесі түсіндірілмеді, дұрыс ұйымдастырылмады, картоп ашыту үшін парта қойып, алжапқыш, қолғап немесе майлықты, аршыған картопты салатын ыдысты бәрін дұрыстап дайындау қажет;

- балалар өте шулы, өздерін ортада қалай ұстауды білмейді. Ән айтуға шақыру үшін жеке-жеке жетектеп, тартып тұрғызу ерсі көрінеді;
- шеңбер құрудың өзі қиынға соқты, шеңберге тұрамыз дегенде барлық бала тәрбиешіге жүгірмей сол орындарында қолдарынан ұстап шеңбер құруы қажет;
- балалар өнер көрсеткен кезде достары қошемет көрсетуді білуі тиіс;

2025 жылдың 04 қараша күні «Самұрық» ортаңғы тобы ата –аналардың қатысуынсыз тәрбиеші Б. Рашаеваның ұйымдастыруымен 21 баламен ертеңгілік өтті. Балалар музыка әуенімен залға кірді. Тәрбиеші балаларды құттықтап, балалар күз мезгіліне байланысты «Күз» әнін жақсы шырқады. Музыка әуенімен ортаға Күн қонаққа келіп би биледі. Күн артынан Бұлт келіп күннің көзін жапты. Балалар оған тақпақтарын жақсылап айтып қуантты. Ұлдар «Саңырауқұлақтар» биін биледі. Музыка әуенімен Күз ханшайымы келіп балаларды мерекемен құттықтады. Балалар күзге арналған тақпақтарын айтып берді. Қыздар «Құлпынайлар» биін билеп берді. Балалар музыка әуенімен «Көкөністер» қимылды ойынын ойнады. Бала санын ескере отырып екі топқа бөліп ойнатты. «Жемістер» би билеп, Күз ханшайымы балалар өз ризашылығын білдіріп, балалар «Күз шырқайды» әнімен ертеңгілікті аяқтады. Жалпы жоспар балалардың жас ерекшелігін ескере отырып құрылған. Тәрбиеші жан-жақты ізденгені көрініп тұр. Ертеңгілік ***жақсы*** деңгейде жүзеге асырылды. Тәрбиеленушілер мерекелік ертеңгілікке сай киінген. Әндерді жазбаға қосылып айтты. Тақпақтарды алғашқы 3 бала толық айтты, екіші 3 баланың 1 –і ғана айтты. Ойын барысында балалардың көбісі жемістерді, көкөністерді тура тауып, түстерін ажырата білді.

Ұсыныс:

- балалар өнер көрсеткен кезде достары қошемет көрсетуді білуі тиіс;
- кейіпкерлер сөздерін жазбамен емес өз дауыстарымен айтқаны дұрыс.
- Тәрбиешілердің аяқ киімдері қауіпсіз болу қажет;

2025 жылдың 04 қараша күні «Аққу» ересек тобы ата –аналардың қатысуымен және 24 тәрбиеленушімен тәрбиеші А. Абдалиева мен А. Бестаеваның ұйымдастыруымен «Үйшік» ертегісі желісімен өтті. Балалар музыка әуенімен залға кірді. Тәрбиеші балаларды құттықтап, балалар күз мезгіліне байланысты «Күзім-күзім» әнін тамаша орындады, әннің сөзін жатқа айтып тұрды. Музыка әуенімен ортаға Аралар келіп би биледі. Қойылымға қатысқан балалар өз сөздерін жатқа айтып тұрды. Балалар күз мезгілі туралы тақпақтарын айтып берді. Қыздардың орындауында «Алма» биі өте жақсы орындалды. Музыка ырғағын сезіне отырып биледі. Қимылды музыкалық «Қайсысы қайда өседі?» ойынын бірінші топ балалармен ойнатылып, екінші жартысымен «Қай жануар нені жейді?» қимылды ойынын

ойнатылды. Ойын ережесі түсіндіріліп балалар қызыға ойнады. Ұлдардың орындауында «Қырманшылар» биін билеп, ертеңгілікті «Күз» әнімен аяқтады. Балалар кейіпкерлердің рөлін өте жақсы сомдап шықты. Дегенімен артқа қарап сөйледі. Дайындық барысында сахнада қалай тұру керегін алдын-ала үйретіп қою қажет. Әрбір элементке мән беріліп, уақытты ұтымды жоспарлаған жағдайда үзіліс болмайды. Жалпы жоспар алдын-ала тексерілді. Тәрбиеші балалардың жас ерекшелігін ескерген. Жан-жақты дайындалғаны көрініп тұр. Ертеңгілік ***жақсы*** деңгейде ұйымдастырылды.

Ұсыныс:

- балалар өнер көрсеткен кезде достары бір-біріне қошемет көрсетуді білуі тиіс;
- балалар шашыраңқы, аналары баланың атын айтып, балалар анасына жүгіре берді. Ертеңгілікті бастамас бұрын ата-аналармен түсіндірме жұмысын жасау керек;
- белсенді ұлдарды тәрбиеші өзіне жақынырақ отырғызғаны жөн, немесе тәрбиеші көмекшісін қасына жауапты етіп тұрғызу қажет;
- екі нөмер ортасында үзілістер болды, ойын ойнатылып жатқан уақытта қоянның киімін қырманшылар биіне ауыстырып қою керек еді.

2025 жылдың 05 қараша күні «Бұлбұл» ересек тобы 24 тәрбиеленуші ата – аналардың қатысуымен тәрбиеші С. Рахметованың ұйымдастыруымен өтті. Балалар музыка әуенімен залға кіріп жапырақтармен би биледі. Тәрбиеші балаларды құттықтап, балалар күз мезгіліне байланысты Абай Құнанбаевтың өлеңдерін мәнерлеп жақсы айтып шықты. Балалар микрафонға үйренбеген. Музыка әуенімен Күз ханшайымы ортаға шығып өзінің жылы лебізін білдірді. Күз ханшайымына қыздар «Қолшатыр» биін әдемі билеп берді. Ортаға аналарды шақырып «Қолшатыр» қимылды ойынын балалармен бірге ойнады. Музыка әуенімен Қырманшы қонаққа келіп ұлдар «Қырманшылар» биін билеп берді. «Нан дастарханға қайдан келеді?» қойылымын көрсетті. Күз ханшайымы мен қырманшы балалармен қоштасып, балалар күз мезгіліне арналған тақпақтарын айтты. Қонаққа барыс келіп өзінің тілегін айтты. Балалар музыкалық аспаптарда ойнап, «Кім жылдам?» қимылдық ойынын ата-аналардың қатысуымен ойнады. Қыздар «Гүлдер» биін билеп, «Алтын күз» әнін шырқады. Ата-аналар ұннан жасалатын тағамдарды өздері дайындап алып келіп балаларға таныстырды. «Күз» әнімен ертеңгілік аяқталды. Ертеңгілікте балалар жүгізуші болды. Өздерін еркін ұстады. Әндердің сөзін жатқа біледі. Ата-аналармен екі ойын ойнатылды. Жоспар балалардың жас ерекшелігіне сай құрылған. Басқа ересек топтарға қарағанда ерекше қойылым болды. Ертеңгілік ***жақсы*** деңгейде ұйымдастырылды.

Ұсыныстар:

- Кейіпкерлердің дауыс ырғағы құбылмалы болуы керек және балаларды таңырқату үшін залға кіретін кезде әдемі дауысын шығарып кіру керек;
- Балалардың қазақ тілінде коммуникативтік қабілеттерін арттыру үшін жеке жұмыстар жүргізу қажет;

- Нұржау жүргізушінің сөзін жатқа біледі, бірақ өзін сахнада дұрыс ұстау керегін үйрету қажет;
- Тақпақ айтқанда, рөлдерді сомдағанда қолдарын сермей береді;
- Қойылым барысында кейіпкерлер тышқанның сұрағына қысқа жауап бермей тақпақтап жауап берсе керемет болар еді;
- Оркестрде ойнаған балаларды жерге отырғызбай орындық қою немесе бөстек қою керек;
- Ойын ойнау кезінде екі рет қайталаған жеткілікті, ұзақ уақытты алды.

2025 жылдың 05 қараша күні «Қарлығаш» ортаңғы тобы ата –аналардың қатысуынсыз және 20 тәрбиеленушімен тәрбиеші А. Косбармахованың ұйымдастыруымен өтті. Балалар музыка әуенімен залға кіріп би биледі.Тәрбиеші балаларды құттықтап, балалар күз мезгіліне байланысты «Кап-кап» әнін өз сөздерімен тамаша орындап, тақпақтарын тарту етті. Музыка әуенімен ортаға Күз ханшайымы келіп балаларды мерекемен құттықтады. Қыздардың орындауында «Құлпынай» биі өте әдемі орындалды. Балалар күз туралы тақпақтарын айтып, «Түсіне қарай сәйкестендір!» ойынын ойнады. Жемістер мен көкөністердің түстерін ажырата білді. Ойын балаларға қатты ұнады, сары, жасыл, қызыл түстерді ажырата білді. Музыка әуенімен ортаға Бұлт шығып «Қолшатыр» қимылды ойынын ойнатты. Ұлдардың орындауында «Саңырауқұлақтар» биі өте жақсы орындалды. Күз мезгіліне арналған тақпақтарын жатқа айтып, қыздардың орындауында «Таяқшалар» биін биледі. Жартылай шеңберге тұрып «Торғайлар» әнімен ертеңгілікті аяқтады.
Жалпы жоспарды құрғанда тәрбиеші балалардың жас ерекшелігін ескерген. Жан-жақты дайындалған. Балалардың киімдері тақырыпқа сай, ұқыпты. Балалар шашыраңқы емес, жинақы. Тақпақтарды жатқа айтып тұр. Әндердің сөзін біледі. Ертеңгілік ***жақсы*** деңгейде ұйымдастырылды.

Ұсыныстар:
- Тәрбиеші ең алдымен өзінің және кейіпкердің киім үлгісіне мән беру керек;
- Машықкердің шашын жинап шыққаны дұрыс болар еді;
- Кейіпкер бұлттың бас киімі жоқ, шашы желбіреп шықты;
- Тәрбиешілердің аяқ киімдері қауіпсіз болу қажет;
- Кейіпкерлер ойын барысында себеттерді, құрсауларды жалпы отрибуттарды лақтырмай, иіліп немесе отырып орналастыру қажет;
- Ойын барысында балаларды шағын екі топқа бөліп ойнату қауіпсіз болады;

2025 жылдың 05 қараша күні «Қыран» ортаңғы тобы 27 тәрбиеленуші ата – аналардың қатысуымен тәрбиеші М.Мырзакуловаңың ұйымдастыруымен өтті. Тәрбиеші ортаға шығып мерекелік құттықтау сөзін айтып, музыка әуенімен залға балалар кіріп би биледі. «Кап-кап» әнінің сөзін жатқа біледі өздері айтып шықты. Тәрбиешініе жыл мезгіліне байланысты қойған

сұрағына жауап беріп отырды. Тақпақтарды бірінші шыққан топ жатқа айтты, кейінгілері шала болды. Қыздардың орындауында «Құлпынай» биі өте әдемі орындалды. Күз ханшайымы келіп мерекемен құттықтап «Жемістер» ойынын ойнатты. Ойын ересек топқа арналғандықтан көп уақыт кетіп қалды. «Сары күз» әнінінің сөзін жатқа біліп тұр, тәрбиешімен қосылып айтты. Ұлдар «Саңырауқұлақтар» биін жақсы билеп шықты. Қонаққа Бұлт келіп мерекемен құттықтады. Бұлттың киімі толық емес, басында маскасы доқ, шашы шашырап шықты. Қыздар «Таяқшалар» биін билеп берді. Қонаққа қоян келіп балалардың көңілін көтерді. «Күз» әнімен ертеңгілікті аяқтады. Балалар мерекелік ертеңгіліктің тақырыбына сай әдемі киінген. Педагог жан-жақты дайындалған. Үзіліс болдырмауға тырысты. Ертеңгілік ***жақсы*** деңгейде ұйымдастырылды.

Ұсыныстар:

- Кейіпкерлердің дауыс ырғағы құбылмалы болуы керек және балаларды таңырқату үшін залға кіретін кезде әдемі дауысын шығарып кіру керек;
- Ойын баланың жас ерекшелігіне сай болуын, оның шартын дұрыс түсіндіру және уақытты үнемдеу жағын қарастыру керек;
- Балалардың коммуникативтік қабілеттерін арттыру үшін жұмыстар жасау керек;

2025 жылдың 05 қараша күні «Ақ көгершін» ересек тобы ата –аналардың қатысуымен тәрбиеші А. Ералы мен Н.Бершімбаеваның ұйымдастыруымен өтті. Балалар музыка әуенімен залға жапырақтармен билеп кірді. Балалар өздері жүргізуші болды. Тәрбиеші балаларды және ата-аналарды мерекемен құттықтады. Балалар «Күз келгенде балалар» әнін өте әдемі шырқады. Артта тұрған балалар аналарына көрінбей қалды. Тақпаққа балаларды Айымның достары, Асимханның достары деп барлық баланың атын атамай ерекше шақырды. Музыка әуенімен Күз ханшайымы келіп мерекемен құттықтап, өзінің тапсырмаларын берді. Тапсырмалары ерекше болды. Әр карточка арқылы тапсырмаларды орындап отырып ертеңгілік жалғаса берді. 1-карточка «Қолшатыр» биін қыздар тамаша билеп шықты. 2-карточка қимылды ойын ойнап, «Саңырау құлақ астында» қойылым көрсетті. Балалар сөздерін сезініп айтып тұрды. Эмоцияларын көрсете білді. Аналармен «Банка жабу» ойын сәтті шықты, қызықты болды. Ұлдар «Қырманшылар» биін жақсы билеп шықты. Музыкалық аспаптарда ойнап шықты. Алдыңғы қатарға үстел беру керек. «Күзім-күзім» әнімен ертеңгілікті аяқтады. Екі тәрбиеші арасында байланыс бар. Бірі сөйлеп жатқанды бірі келесі нөмірдің орындаушыларын дайындап алып шығып отырды. Жоспар балалардың жас ерекшелігіне сай, ерекше жасалған. Қажетті құрал-жабдықтары эстетикалық талғамға сай әзірленген. Ертеңгілік ***жоғары*** деңгейде ұйымдастырылды.

Ұсыныстар:

- балалар өнер көрсеткен кезде достары қошемет көрсетуді білуі тиіс;
- Тәрбиешілердің аяқ киімдері қауіпсіз болу қажет;
- Тақпақтарды ересек топтарда күрделендіру керек, мысалы 2 шумақ;

Қорытынды:

1.Тәрбиешінің мерекелік ертеңгіліктің ретін жатқа білу кажет;
2.Ертеңгіліктің құрал-жабдықтарын алдын ала дайындау қажет;
3.Балалардың тәртібі: жүру, тұру, отыру, ән айту, дауыстап мәнерлі өлең айту, т.б.
4.Безендіру жұмыстары ескертусіз орындау қажет;
5.Балалардың мерекелерге дайындыққа белсене қатысуын мадақтау,қуанышты сезімді,бірігіп жасаған әрекеттен, нәтижелі орындалған тапсырмалардын алған рахаттану сезімдерін, шыдамдылық көрсетуін қолдау қажет.
6. Балалардың қолынан тартып емес өздері орындарын тауып тұруға үйрету қажет.
7. Тақпаққа шақырғанда әр баланың атын айтудың қажеті жоқ, бірінші баланың атын айтқанда басқа балалар соңынан еріп келеге үйрету керек.
8. Жоспарды қолға ұстап шықпай, реттілігін кішкентай қылып ұстап алуға болады тәрбиешінің шеберлігіне байланысты;
9. Әндерді айтқанда және би билегенде алдында тұрған балалар артында тұрған балалармен ауысып тұруы керек. Себебі әр ата-ана өз баласын алдыңғы қатардан көргісі келеді.
10.Қызметкерлер өз балаларының ертеңгілігіне кіргенде міндетті түрде маска киіп, алдыңғы қатардан емес артқы қатардан көруді ұсынамын. Себебі бала анасының алдында өзін еркін ұстайды немесе қысылып білгенін айта алмай қалады. Анасына қайта –қайта жүгіріп балалардың назарын аударады.

Салыстырмалы бақылау қорытындысы

№	Топ атауы	Өткізу уақыты	Жауапты педагогтар	Деңгейі
1	«Балапан» ересек тобы	**04.11.2025** 09.00	Акниязова Л.Ж. Еркенова М.С. Төреханова А.	орташа
	«Самұрық» ортаңғы тобы	**04.11.2025** 09.45	Рашаева Б.А. Төреханова А.	жақсы
	«Аққу» ересек топ	**04.11.2025** 10.30	Бестаева А.Р. Абдалиева А.Ж. Төреханова А.	жақсы
2	«Бұлбұл» ересек тобы	**05.11.2025** 09.00	Рахметова С.К. Осипова А.Ж.	жақсы
	«Қыран» ортаңғы тобы	**05.11.2025** 09.45	Мырзақұлова М.М. Осипова А.Ж.	жақсы
	«Қарлығаш»	**05.11.2025**	Қосбармахова А.Р.	

	ортаңғы тобы	10.30	Осипова А.Ж.	жақсы
	«Ақ көгершін» ересек тобы	**05.11.2025** 11.15	Бершімбаева Н.Б. Ералы А.Е. Осипова А.Ж.	жоғары











































21.11.2025 жыл Астана қаласы әкімдігінің «**Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» КММ** жұмыс жоспарына сәйкес Астана қаласы мектепке дейінгі ұйымдарының әдіскерлері, тәрбиешілірі, педагогтеріне арналған «Мектепке дейінгі ұйымдарда баланы құндылықтарға тәрбиелеудің тиімді әдістері» тақырыбында **қалалық семинарға** қатысып, «Құндылықтарға негізделген әдістер мен технологиялар» тақырыбындағы секцияның модераторы болдым.





28.11.2026 педагогтердің қатысуымен «Ұлттық тәрбие негізінде балалардың адамгершілік және тілдік-танымдық қабілеттерін дамыту» тақырыбында №2 педагогикалық кеңес ұйымдастырылды. Педагогикалық кеңестің мақсаты: Заман талабына сәйкес ұлттық құндылықтар мен адамгершілікті бойына сіңірген дені сау, танымдық және коммуникативтік қабілеттері дамыған тұлғаны қалыптастыру.








10.12.2025 жылы Астана қаласы әкімдігінің **«Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» КММ** жұмыс жоспарына сәйкес «Әл-Фараби ілімдерінің педагогикадағы рөлі» атты **республикалық-педагогикалық конференциясына** №49 «Алтынай» балабақшасының әдіскері Дуйсекулова Лаура Беккалиевна және инновация әдіскері Абдукадировна Анаргуль Абдукадировна көрме ұйымдастырып, өз баяндамаларымен бөлісті.








18.12.2025 жылы Астана қаласы әкімдігінің **«Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» КММ** жұмыс жоспарына сәйкес «Заң және тәртіп» қағидаты негізінде «Баланы жәбірлеу (буллиен) және оның бала дамуына кері әсері» тақырыбында аудандық семинар-практикум «Сарыарқа» ауданы №27 «Балауса» балабақшасында Мектепке дейінгі ұйымдар әдіскерлерінің қауымдастық мүшесі ретінде қатыстым.






Тақырыбы: « Жаңа жыл жарылқасын!»
Мақсаты:

3. Балабақшадағы ертеңгіліктерді өз дәрежесінде ұйымдастыру.
4. Балалардың қуаныш сезімдерін, ертеңгіліктерде өлең айту,сахналық көріністер ойнау,әндер айту, ойындар ойнап, билер орындауға қатысу ықыласына тәрбиелеу және ертеңгілікте көркемөнердің барлық түріне белсене қатысуға талпындыру.

Балабақшадамерекелік ертеңгіліктер жоспар бойынша жүзеге асырылуда.

Тәрбиешілердің осы өткізген ертеңгіліктер бойынша салыстырмалы бақылау жүргізілді. Ертеңгіліктерді мына талаптар бойынша талқыланды:

- Ертеңгілікке дайындығы(залды безендіру, ертеңгіліктің үлгі жоспары, билерге арналған құралдар,таңғажайып сәт, балалардың киімдері.
- Балалардың әрекеті: ән айту,өлеңнің сөздерін білу,мәнерлеп айтуы,сахнаға шығу әдісі,би ырғағын дұрыс орындауы,ойынның шартын білуі,ойнай алуы.
- Жүргізуші-тәрбиешінің әрекеті: жүргізу шеберлігі, ертеңгіліктің ретін білуі, киімі, кіруі, шығу әдісі, мәнерлеп сөйлеуі, дауыс ырғағын құбылта алуы, балаларды басқара білуі.
- Ертеңгіліктің тақырыпқа сәйкестігі.

2025-2026 оқу жылының 23-24 желтоқсан күндері балабақшада «Жаңа жыл жарылқасын!» тақырыбында мерекелік ертеңгіліктер ұйымдастырылды. Барлық топтар кестеге және талаптарға сай ұйымдастыра білді. Ертеңгілікке

ата-аналар белсене қатысып, балаларға қолдау көрсетті. Ата-аналармен ойындар ұйымдастырылып, балалық шақтарына саяхат жасап қайтты.

2025 жылдың 23 желтоқсан күні ең алдымен «Самұрық» ортаңғы тобы ертеңгілікті бастады. Тәрбиеші Б. Рашаеваның ұйымдастыруымен 21 тәрбиеленушінің қатысуымен өтті. Залдың іші әдемі безендірілген. Жарық сөндіріліп, ата-аналарға Аққаланың балабақшаға келе жатқаны туралы бейнеролик көрсетілді. Тәрбиеші ортаңа шығып құттықтау сөзін айтып, балалар музыка әуенімен қолдарына қолшам ұстап залға билеп кірді. «Жаңа жылды қарсы алайық!» әнін шырқап, мерекелік тақпақтарын тарту етті. Музыка әуенімен ортаға Түлкі шығып балаларды мерекемен құттықтап, Аяз атаның жолда адасып кеткенін айтты. Қыздар ортаға шығып «Шыршаны безендір» ойынын ойнап, «Шыршалар» биін биледі. Орманнан «көмектесіңдер» деген Аққаланың даусы шығып балалар көмекке барып Аққаланы ортаға алып шықты. Оның көңілін көтеру үшін тақпақтар айтып, «Қар ату» ойынын бірге ойнады. Гномдар би билеп Аққала құрастырды. «Таяғы бар қолында» әнін шырқап, ортаға Аяз ата мен Ақшақар қызды шақырды. Балалар тақпақтарын тарту етіп, Аяз ата шыршаның шамын жағып берді. «Аққалалар» биін билеп, «Кел Жаңа жыл!» әнімен ертеңгілікті аяқтады. Жалпы ертеңгілік *жақсы* деңгейде жүзеге асырылды. Жоспары қызықты қызықты, ойындары ерекше болды. Тәрбиеші жан-жақты дайындалған.











Ұсыныстар:

- берілген уақыттан асып кетпеуді қадағалау керек; регламент сақталмады;
- педагогтің аяқ киімі балаға қауіпсіз болу қажет, тым үшкір туфли киген;
- жоспарды шпаргалка ретінде кішірейтіп алу қажет, А4 форматта қағазды ұстап шығу өте ерсі көрінді;

2025 жылдың 23 желтоқсан күні «Балапан» ересек тобы ата –аналардың қатысуымен тәрбиеші Л. Акниязова және Г. Мундыбекованың ұйымдастыруымен 26 баланың қатысуымен ертеңгілік өтті. Жүргізуші екі ханшайым құттықтау сөздерін айтып, балалар музыка әуенімен залға билеп кіріп «Шыршаға бардық» әнін шырқады. Тәрбиешілер ортаға шығып жаңа жылдық құттықтауларын айтып ата-аналарды құттықтады. Балалар қыс туралы тақпақтарын айтып ортаға музыка әуенімен Аяз ата мен Ақшақар қыз келіп шыршаның шамын жақты.Балалар мерекелік тақпақтарын айтып, қыздар «Испан» биін билеп берді. Аяз атаны ортаға алып «Біздің Аяз атамыз» әнін шырқап ұлдар мен қыздар би билеп берді. Балалармен «Сыйлық» қимылды - музыкалық ойынын, ата-аналармен «Шар жару» ойынын ойнатып көңілдерін көтерді. Ұлдар би билеп ертеңгілікті аяқтады.
Жалпы ертеңгілік ***жақсы*** деңгейде жүзеге асырылды. Балалар әннің сөзін және тақпақтарды жатқа айта білді. Ойындары қызықты болды.

Ұсыныстар:

- Жүргізуші қыз сөзін тақылдап жатқа айту керек, тәрбиешіні қайталап тұру қажет емес;
- Балалардың шығуына көп уақыт жұмсалды, кімнің артында кім тұрады жатқа білу керек;

- Балалар өте шулы, ересек топ болса да аналарына қарап жылап жатты, анасына жүгіре берді;
- Бала жылаған жағдайда тәрбиеші бірден жұбатып, ортаға қосып жіберу керек;
- Кейіпкерлер екі номер ортасында үзіліс болып жатқан жағдайда, ойынның отрибуттарын тәрбиеші жинағанға дейін балалармен диалог құрып, білдірмей жіберуге тырысу қажет;
- жоспарды шпаргалка ретінде кішірейтіп алу қажет, А4 форматта қағазды ұстап шығу өте ерсі көрінді;






2025 жылдың 23 желтоқсан күні «Аққу» ересек тобы ата – аналардың қатысуымен тәрбиеші А.Абдалиева және А.Бестаеваның ұйымдастыруымен 24 баланың қатысуымен ертеңгілік өтті. Жүргізуші екі ханшайым құттықтау сөздерін айтып, балалар музыка әуенімен залға билеп кіріп «Жаңа жыл» әнін шырқады. Музыка әуенімен Жылқы жылы келіп қонақтарды Жаңа жылмен құттықтап, жылы лебізін білдіріп, сиқырлы сандығын тарту етті. Сандықтың құлпын ашу үшін балалар жаңылтпаштар айтты сандық ашылмады. Мерекелік тақпақтарын тарту етті, сандық ашылмады. Музыка әуенімен ұлдар би биледі, сандық ашылмады. Ескі жыл Жылан жылы келіп балаларды Жаңа жылмен құттықтап қоштасып кетті. Балалар Жылқымен бірге музыкалық-қимылды ойын ойнап, көңілдерін көтерді. Музыкалық аспаптарда ойнап, мерекелік тақпақтарын тарту етті. Көптен күткен Аяз ата мен Ақшақар қыз келіп қонақтарды құттықтап, шырша шамын жақты.Қыздар мыңбұрала би билеп, «Біздің Аяз атамыз!» әнімен ертеңгілікті аяқтады. Жалпы ертеңгілік ***жоғары*** деңгейде жүзеге асырылды. Балалар әннің сөзін және тақпақтарды жатқа айта білді. Ойындары қызықты, ерекше болды. Кейіпкерлер өз рөлдерін жақсы алып шықты.

Ұсыныстар:

- педагогтер қара киім кимегені дұрыс;
- анасын көргенде мазасызданатын балалармен алдын –ала жеке жұмыс жүргізу керек;

2025 жылдың 23 желтоқсан күні «Бүркіт» мектепалды тобы ата – аналардың қатысуымен тәрбиеші А. Назарованың ұйымдастыруымен 24 баланың қатысуымен ертеңгілік өтті. Жүргізуші екі ханшайым құттықтау сөздерін айтып, балалар музыка әуенімен залға билеп кіріп. Тәриеші жаңа жылдық құттықтауын айтып балалар «Жаңа жыл» әнін шырқады. Мерекелік тақпақтарын айтып, «Алтын балық» ертегісін заманауи түрде көрсетті. Ұлдар «Балықшылар» биін билеп, қыздар «Мұз тамшылары» биін биледі. «Келді міне Жаңа жыл» әнін шырқап, мерекелік тақпақтарын айтып шықты. Ұлдар «Пираттар» биін билеп, ата-аналар «Кім шапшаң?» ойынын ойнады. Ойын ерекше болды. Музыка әуенімен Аяз ата мен Ақшақар қыз келіп мерекемен құттықтап, шырша шамын жағып балаларды қуанышқа бөледі. «Шырша жыры» әнін айтып, мерекелік тақпақтарын тарту етті. Аяз атамен қоштасып ертеңгілікті көтеріңкі көңіл күйде аяқтады. Жалпы ертеңгілік ***жоғары*** деңгейде жүзеге асырылды. Балалар әннің сөзін және тақпақтарды жатқа айта білді. Ойындары қызықты, ерекше болды. Кейіпкерлер өз рөлдерін жақсы алып шықты.

Ұсыныстар:

- анасын көргенде мазасызданатын балалармен алдын –ала жеке жұмыс жүргізу керек;
- дайындық барысында микрафонды қолданып үйрету керек;

2025 жылдың 23 желтоқсан күні «Ақ сұңқар» мектепалды тобы ата – аналардың қатысуымен тәрбиеші Л.Андасова және А.Бестаеваның ұйымдастыруымен 28 баланың қатысуымен ертеңгілік өтті. Жүргізуші екі ханшайым құттықтау сөздерін айтып, балалар музыка әуенімен залға билеп кіріп «Келді міне Жаңа жыл» әнін шырқады. Қыздар мерекелік тақпақтарды тарту етіп, ұлдар «Джентельмендер» биін биледі. Ғажайып сәтке Аяз атаның көмекшісі шығып қолындағы хатты беріп кетті. Сахналық қойылым көрсетіп, «Шығыс қыздары» биін биледі. Ұлдар «Үндістер» биін билеп, ойын ойнады. Музыка әуенімен ортаға Аяз ата мен Ақшақар қыз шығып қонақтарды мерекемен құттықтап, шырша шамын жақты. Балалар Аяз атаның хаттағы жазылған тапсырмаларын орындап, мерекелік тақпақтарын айтты. «Шырша жыры» әнін шырқап, ата-аналармен музыкалық-қимылдық ойын ойнатып, сергітіп алды. «Құтты болсын Жаңа жыл!» әнімен ертеңгілікті көңілді аяқтады. . Жалпы ертеңгілік ***жоғары*** деңгейде жүзеге асырылды. Балалар әннің сөзін және тақпақтарды жатқа айта білді. Ойындары қызықты, ерекше болды. Кейіпкерлер өз рөлдерін жақсы алып шықты. Ата-аналар өте белсене қатысты.

2025 жылдың 24 желтоқсан күні «Қыран» ортаңғы тобы ата –аналардың және тәрбиеші М.Мырзақұлованың ұйымдастыруымен 27 баланың қатысуымен ертеңгілік өтті. Музыка әуенімен тәрбинеші ортаға шығып ата-аналарды мерекемен құттықтап, балалар би билеп ортаға шықты. Ғажайып сәтке Түлкі келіп балаларға «Кім жылдам?» ойынын қар жинау арқылы ойнатып көңілдерін көтерді. Қыздар «Шыршалар» биін билеп, Аяз атаны ортаға шақырды. Аяз ата мен Ақшақар қыз келіп балаларды мерекемен құттықтап, шыршаның шамын жақты. Ұлдар «Аяз аталар» биін билеп, тақпақтарын тарту етті. «Шырша жыры» әнін шырқап, «Шыршаны безендіру» ойынын белсене ойнады. Мерекелік тақпақтарын айтып, «Ақ ұлпалар» биін биледі. Музыкалық ойын ойнап, «Жаңа жыл келді» әнін шырқады. Жалпы ертеңгілік *жақсы* деңгейде жүзеге асырылды.

Ұсыныстар:

- кейіпкерлер өзіне арналған әуенді тыңдап, дауыстап баланың назарын өзіне аударып шығу керек;
- ойында барлық баланы қамту үшін балаларды екі топқа бөліп, екі рет ойнату керек; жылдағы ескі ойындарды қайталамай, жаңаша ойындар қарастыру қажет; балалардың жас ерекшелігіне қарай ойындар таңдалу керек; Музыкалық-қимылды ойын балалардың жасына сай емес;
- берілген регламентті сақтау қажет;
- билері шашыраңқы болды;





2025 жылдың 24 желтоқсан күні «Қарлығаш» ортаңғы тобы ата – аналардың және тәрбиеші А. Косбармахованың ұйымдастыруымен 25 баланың қатысуымен ертеңгілік өтті. Музыка әуенімен балалар ортаға шығып, би биледі. Қолдарындағы мишураны бірден жинап алу керек немесе себетке салдыру керек еді. Тәрбиеші ата-аналар мен балаларды мерекемен құттықтап, балалар мерекелік тақпақтарын айтып шықты. Қыздар «Ұлпа қарлар» биін билеп, «Кім жылдам?» ойынын қар жинау арқылы ойнап шықты. Ғажайып сәтке Аққала келіп құттықтауын айтып, қыздар «Шыршалар» биін биледі. Музыка әуенімен жылқы келіп, балалармен музыкалық-қимылды ойын ойнатты. «Шырша жыры» әнін шырқап, Аяз ата мен Ақшақар қыз ортаға келді. Өз құттықтауларын айтып, шыршаның

шамын жақты. Ұлдар «Аяз аталар» биін билеп, мерекелік тақпақтарын тарту етті. «Топ-топ басамыз» әнін шырқап, Аяз атамен шыршаның шамын жағып ертеңгілікті аяқтады. Жалпы ертеңгілік *жақсы* деңгейде жүзеге асырылды. Тәрбиеші жан-жақты дайындалған.

Ұсыныстар:

- Балалар залға атрибуттарымен билеп кірген болса би соңында бірден атрибуттарды жинап алу керек;
- кейіпкерлер өзіне арналған әуенді тыңдап, дауыстап баланың назарын өзіне аударып шығу керек;
- бір-біріміздің ойынымызды қайталамай жаңаша ойындар қарастыру қажет; балалардың жас ерекшелігіне қарай ойындар таңдалу керек; Музыкалық-қимылды ойын балалардың жасына сай емес; Ойынның атрибуттары алдын ала дайындалмаған, үлкен шыршадан ойыншықтарды жұлып алды, машықкерлер шыршаны таппай үлкен пауза орын алды;
- берілген регламентті сақтау қажет;





2025 жылдың 24 желтоқсан күні «Бұлбұл» ересек тобы ата –аналардың және тәрбиеші С. Рахметованың ұйымдастыруымен 27 баланың қатысуымен ертеңгілік өтті. Музыка әуенімен тәрбиеші ортаға шығып ата-аналарды мерекемен құттықтап, балалар би билеп ортаға шықты. «Келді міне Жаңа жыл» әнін шырқап, А.Құнанбаевтың өлеңдерін тарту етті. Аяз ата мен ақшақар қыз келіп өз құттықтаулырын айтты. Рөлдерді ата-аналар ойнады. Ғажайып сәтке бұғы келіп, «Бұғының үйі» ойынын балалармен және ата-аналармен ойын ойнады. Ойын ерекше болды. Мерекелік тақпақтарын тарту етіп, «Жаңа жыл келді» әнін шырқады. Қыздар «Бұғылар» биін билеп, «Аққала» әнін шырқады. «Фея қыздар» би билеп «Жаңа жыл» әнін шырқады. Жалпы ертеңгілік *жақсы* деңгейде жүзеге асырылды. Тәрбиеші жан-жақты дайындалған, ата-аналармен тығыз байланыс орнатқан.

Ұсыныстар:

- Кейіпкерлердің киіміне мән беру керек, көйлектің ішінде шалбары көрініп тұрды; сахна мәдениетін сақтау керек;
- Педагогтің аяқ киімі тым биік, үшкір болды.Бала қауіпсіздігін сақтау керек;
- Тақпаққа әр баланы жеке-жеке шақырып уақытта алды;

- Кейіпкерлермен жағаласып сөйлеспеукерек;
- Ән айтқанда айнала бермей бір жерде тұрып айту керек, немесе тек қайырмасында айналу қажет;
- Ән айту барысында балалар орын ауыстыру кезінде бір-бірін итеріп, қысылып жатты; дайындық барысында қадағалау керек;
- Ересек топ әнді өз дауыстарымен жатқа айту қажет; соңғы ән + пен айтылды.
- Регламент сақтау керек;





2025 жылдың 24 желтоқсан күні «Ақ көгершін» ересек тобы ата – аналардың және тәрбиеші А.Ералы және Н.Бершімбаеваның ұйымдастыруымен 27 баланың қатысуымен ертеңгілік өтті. Музыка әуенімен балалар ортаға шығып би билеп, тәрбиешілер құттықтау сөздерін айтты. Балалар мерекелік тақпақтарын айтып, жүргізуші ұл мен қыз ортаға шығып тақпақтарын тарту етті. Ақшақар қыз келіп балаларды құттықтап, сыйлық алып келді. Мыстан кемпір келіп Ақшақардың алып келген сыйлығын алып кетті. «Жұлдыздар» биін билеп, «Шырша» әнін шырқады. Қыздар «Ақ ұлпалар» биін билеп, «Сыйлық жинау» ойынын ойнады. Ортаға Аяз ата келіп балаларды мерекемен құттықтап, шырша шамын жақты. Балалар Аяз атаға мерекелік тақпақтарын тарту етіп, «Аяз аталар» биін билеп берді. Аяз атаны ортаға алып, «Қолғап» ойынын ойнады. Жалпы ертеңгілік *жақсы* деңгейде жүзеге асырылды.

Ұсыныстар:

- Балалардың шығуы шашыраңқы, бір жерге келіп топталып қалды, дайындық барысында өз орындарын тауып тұруға жаттықтыру керек;
- берілген регламентті сақтау қажет;





2025 жылдың 24 желтоқсан күні «Шағала» мектепалды тобы ата – аналардың және тәрбиеші А. Мықтыбаеваның ұйымдастыруымен 26 баланың қатысуымен ертеңгілік өтті. Музыка әуенімен ортаға балалар шығып құттықтау сөздерін айтты. Ортаға хан шығып уәзірлеріне тапсырма береді. Балалар музыка әуенімен билеп ортаға шығып өнерлерін көрсетті. «Жаңа жыл» әнін шырқап, мерекелік тақпақтарын тарту етті. Ханзадалар би билеп, музыкалық-қимылдық ойын ойнады. «Аяз ата келеді» әнін шырқап, тақпақтарын айтып берді. Ортаға Аяз ата мен Ақшақар қызды шақырып, шырша шамын жақты. Қыздар «Теңіз тамшылары» биін билеп, Аяз атаға арналған тақпақтарын тарту етті. Ұлдар «Сұлтандар» биін билеп, Аяз атамен бірге музыкалық «Қыс келеді алақай» ойынын ойнады. Аналармен «Кім жылдам?» ойынын ойнатып, «Келді міне жаңа жыл» әнімен ертеңгілікті аяқтады. Жалпы ертеңгілік ***жоғары*** деңгейде жүзеге асырылды. Балалар әннің сөзін және тақпақтарды жатқа айта білді. Ойындары қызықты, ерекше болды. Кейіпкерлер өз рөлдерін жақсы алып шықты.





Қорытынды:

1. Алдағы ұйымдастырылатын ертеңгіліктің шығармашылық мазмұнына (сахналық қойылымдар, таңғажайып сәттер қызықты болуы,қызықты ойын-сауықтар, кейіпкерлер) жоспарлансын.

2. Балалардың тәртібі, келбеті, ертеңгіліктің тақырыбына сай және дұрыс басқара білуі

3. Ертеңгіліктің жас ерекшелігіне қарай уақыт қатаң түрде сақтау.

4. Безендіру жұмыстары ескертусіз орындау қажет.

5. Балалардың мерекелерге дайындыққа белсене қатысуын мадақтау,қуанышты сезімді,бірігіп жасаған әрекеттен, нәтижелі орындалған тапсырмалардын алған рақаттану сезімдерін, шыдамдылық көрсетуін қолдау қажет.

Салыстырмалы бақылау

№	Аты-жөні	Жоғары деңгей	Жоғарыдан төмен деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
1	Андасова Л. Абдирахманова М.	+			
2	Қосбармахова А. Ералы А.		+		
3	Рашаева Б.		+		
4	Рахметова С.		+		
5	Бершімбаева Н. Ералы А.		+		
6	Назарова А.В.	+			
7	Бестаева А. Абдалиева А.	+			
8	Мықтыбаева А.	+			
9	Мырзакулова М.		+		
10	Ақниязова Л.Ж.		+		

Қорытынды:

1.Тәрбиешінің мерекелік ертеңгіліктің ретін жатқа білу кажет;

2.Ертеңгіліктің құрал-жабдықтарын алдын ала дайындау қажет;

3.Балалардың тәртібі: жүру,тұру,отыру, ән айту,дауыстап мәнерлі өлең айту, орнына саппен қайтуы қажет;

4.Безендіру жұмыстары ескертусіз орындау қажет;

5.Балалардың мерекелерге дайындыққа белсене қатысуын мадақтау,қуанышты сезімді,бірігіп жасаған әрекеттен, нәтижелі орындалған тапсырмалардын алған рақаттану сезімдерін, шыдамдылық көрсетуін қолдау қажет.

6. Балалардың қолынан тартып емес өздері орындарын тауып тұруға үйрету қажет.

7. Тақпаққа шақырғанда әр баланың атын айтудың қажеті жоқ, бірінші баланың атын айтқанда басқа балалар соңынан еріп келеге үйрету керек.

8. Жоспарды қолға ұстап шықпай, реттілігін кішкентай қылып ұстап алуға болады тәрбиешінің шеберлігіне байланысты;

9. Әндерді айтқанда және би билегенде алдында тұрған балалар артында тұрған балалармен ауысып тұруы керек. Себебі әр ата-ана өз баласын алдыңғы қатардан көргісі келеді.

10. Тәрбиешінің аяқ-киімі қауіпсіз, етек-жеңі жабық болуы керек;


11. Кейіпкерлердің киімі, дауыс ырғағы рөліне сай болу керек;

Ата-аналар мен балалардың бірлескен «Сыйқырлы күз» көрмесі


































15.01.2026 жылы Астана қаласы әкімдігінің **«Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» КММ** жұмыс жоспарына сәйкес №119 жайлы мектепте Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарға арналған «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын енгізудің тиімді әдістері

тақырыбында семинар ұйымдастырылып, әдіскер Л. Дуйсекулова өз баяндамасынен және тәжірибесімен бөлісті.








19.01.2026 жылы «Жапырақ тамырдан нәр алады» тақырыбындағы ата-аналармен бірлескен жұмыс ұйымдастырылды. Барлық топтың ата-аналары белсене қатысты.











20.01.2026 жылы «Қамқор бала боламыз!» тақырыбында «Ақ сұңқар» мектепалды тобының ашық ұйымдастырылған іс- әрекетіне «Балабақша мен бастауыш мектеп арасындағы педагогикалық сабақтастық: бірлескен іс-әрекет тәжірибесі» «Педагогикалық sabaqtastyq» жобасы аясында Астана қаласы №30 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімдері мектепалды топ балаларымен, оқыту-тәрбиелеу жұмысымен танысып балабақша тәрбиешілерімен тәжірибе алмасты.










21.01.2026 жылы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру аясында «Заң мен тәртіп әділдіктің кепілі» тақырыбында ата-аналар мен педагогтерге арналған балабақшаішілік семинар ұйымдастырылды. **Мақсаты:** Мектепке дейінгі ұйымның ата-аналарына «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын балабақшада іске асыру және қолдану аясын көрсете отырып іс-тәжірибе бөлісу. Балабақша мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайту.







21.01.2026-25.01.2026 жыл аралығында Астана қаласы әкімдігінің **«Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» КММ** жұмыс жоспарына сәйкес «Заң және тәртіп» қағидаты негізінде офлайн форматта «Менің әкем- полиция қызметкері» республикалық сурет байқауының қалалық деңгейіне Астана қаласы әкімдігінің №49 «Алтынай» балабақшасының «Ақ сұңқар» мектепалды тобының тәрбиеленушісі Марат Көркем, Рүстем Әміре, «Бүркіт» мектепалды тобының тәрбиеленушісі

Оразқожа Асылхан және «Балапан» ересек тобының тәрбиеленушісі Рауан Алижан белсене қатысты.






«Менің әкем – полиция қызметкері» республикалық сурет көрмесінің қалалық кезеңі өтті. 2026 жылдың 20–25 қаңтар аралығында Астана қаласында «Заң және тәртіп» аясында 4-5 мектеп жасына дейінгі балалар арасында «Менің әкем -полиция қызметкері» тақырыбында республикалық сурет көрмесінің қалалық кезеңі ұйымдастырылып,өткізілді. Іс-шараның мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың құқықтық сауаттылық туралы түсініктерін қалыптастыру, сондай-ақ шығармашылық іс-әрекет арқылы полиция қызметкері мамандығына құрметпен қарауға тәрбиелеу. Астана қаласы бойынша қалалық кезеңге 94 мемлекеттік және 20 жекеменшік балабақшалардан өтініштер түсті, 220 тәрбиеленушінің шығармашылық жұмыстары ұсынылды, соның ішінде мемлекеттік балабақшалардан 175, жекеменшік балабақшалардан-45. Қатысушылардың жұмыстарында тақырыптың мазмұны толық ашылып, балалардың жас ерекшеліктеріне сай көркемдік шешімдер, бояу үйлесімі мен шығармашылық қиялы байқалды. Қалалық кезеңнің қорытындысы бойынша үздік деп танылған 2 жұмыс іріктеліп, **республикалық кезеңге жолданды.** Республикалық кезеңге ұсынылған жұмыстарды орындаған тәрбиеленушілер мен педагогтер туралы мәлімет: 1. Балабақшаның атауы:Астана қаласы, №49 «Алтынай» балабақшасы МКҚК Баланың аты-жөні: Марат Көркем Жасы: 5 жас Жетекшілік еткен педагог: Андасова Лаура Есиркеповна Педагогтың жұмыс орны: Астана қаласы, № 49 «Алтынай» балабақшасы МКҚК

2.Балабақшаның атауы: Астана қаласы, №85 «Мейіржан» балабақшасы МКҚК Баланың аты-жөні: Қайролла Даяна Берікқызы Жасы: 4 жас Жетекшілік еткен педагог: Рахметова Гюльзана Тулекбергеновна Педагогтың жұмыс орны: Астана қаласы, №85 «Мейіржан» балабақшасы. Аталған іс-шара мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға, сондай-ақ құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қоғамдағы рөлін түсінуге бағытталған тәрбиелік жұмыстардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді.



ДИПЛОМ

БАС ЖҮЛДЕ

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» АЯСЫНДА 4-5 ЖАСТАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР АРАСЫНДА ӨТКЕН«МЕНІҢ ӘКЕМ – ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРІ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СУРЕТ КӨРМЕСІНІҢ ҚАЛАЛЫҚ КЕЗЕҢІНДЕ ЖЕҢІМПАЗ АТАНҒАН

МАРАТ КӨРКЕМ

МАРАПАТТАЛАДЫ

ТӘРБИЕШІСІ *АНДАСОВА ЛАУРА ЕСИРКЕПОВНА*

Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының басшысы

Д. Байтасов

ТБ №000011

2026 жыл

26.01.2026 жылы Астана қаласы әкімдігінің мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру, педагогтермен іс-тәжірибе алмасу мақсатында «Озық тәжірибе – әріптеске үлгі» тақырыбында «Алматы» ауданы әдіскерлері арасында шебер сыныптар көрсетті. Мектепке дейінгі білім беру ұйым әдіскерлер қауымдастығының Сәрсенбаева Гульмира Байдаковна және Калдыбаева Шынар Сыздыковнаның қатысып өз бағаларын берді. Іс-шара барысында педагогтер бір - бірімен тәжірибе алмасып, тиімді әдіс-тәсілдер мен жаңашыл практикаларды тәжірибеде қолдану жолдарын талқыланып, кері байланыс алынды. Тәжірибе алаңында № 24 «Айналайын» балабақшасының әдіскері:
Абетова Гулсара Ауелбековна «Кейс технологиясы: теориядан практикаға», № 32 «Балдәурен» балабақшасының әдіскері:
Дуйсенбенова Салтанат Дусмагамбетовна « Эффективные формы и методы формирования у дошкольников навыков безопасной жизнедеятельности»,
№ 49 «Алтынай» балабақшасының әдіскері:
*Дуйсекулова Лаура Беккалиевна «*Бала тәрбиесі – балабақша мен ата-ананың ортақ жемісі» , № 49 «Алтынай» балабақшасының әдіскері:
Абдукадирова Анаргуль Абдукадировна «Ұлттық сана негізінде сөйлеу мәдениетін ойын арқылы қалыптастыру», № 74 «Дәурен» балабақшасының әдіскері: *Смагулова Меруерт Дуйсембаевна* «Жас бағбан – адал азамат: балабақша–отбасы–қоғам бірлігінде тәжірибелік көгалдандыру арқылы тіл мен тұлғаны дамыту» тақырыбындағы озық тәжірибелеімен бөлісті.


















27.01.2026 жылы Астана қаласы әкімдігінің **«Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» КММ** жұмыс жоспарына сәйкес «Заң және тәртіп» қағидаты негізінде тәрбиеленушілердің қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған **«Қауіпсіз маршрут»** тақырыбындағы іс-шаралар ересек және мектепалды топтары арасында ұйымдастырылды.

















28.01.2026 жылы Астана қаласы әкімдігінің **«Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» КММ** жұмыс жоспарына сәйкес «Заң және тәртіп» қағидаты негізінде «Озық тәжірибе –әріптеске үлгі» тақырыбында «Сарыарқа» аудандық семинар-практикум №72 «Жанарым» балабақшасында Мектепке дейінгі ұйымдар әдіскерлерінің қауымдастық мүшесі ретінде қатыстым.













30.01.2026 жыл «Инновациялық технологияларды қолдана отырып дамытушы ойындарды қолдану арқылы балалардың сөздік қорын, тілін дамыту» тақырыбындағы №3 педагогикалық кеңес ұйымдастырылды.









04.02.2026 жыл «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» тақырыбында дене шынықтыру нұсқаушылары мектепалды топтары арасында ұлттық ойындар ұйымдастырды.

06.02.2026 жыл дене шынықтыру нұсқаушыларының ашық ұйымдастырылған іс- әрекеттері ұйымдастырылды.









13.02.2026 жылы «Біздің қысқы демалысымыз!» тақырыбында отбасылық газет шығару ұйымдастырылды.



















16.02.2026 жылы «Әкелер мектебі» «Атасы тұрып ұл сөйлегеннен без» тақырыбында бата беру челленджі ұйымдастырылды.








18.02.2026 жылы Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында жол жүру ережесі бойынша қалалық «Брейн-ринг» байқауына мектепалды «Ақ сұңқар», «Бүркіт», «Шағала» тобының тәрбиеленушілері қатысып 3 дәрежелі дипломмен марапатталды.


ДИПЛОМ

МАРАПАТТАЛАДЫ







19.02.2026 жылы «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарда анықтау және қолдау орталығының жұмыс жоспарына сәйкес Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Ханталапай» ұлттық ойындар республикалық байқауының қалалық кезеңіне дене шынықтыру нұсқаушысы Ибраева Айгүл Жәкенқызының жетекшілігімен «Бүркіт» және «Ақ сұңқар» мектепалды топтарының тәрбиеленушілерінің қатысуымен өтініш беріліп, **III орынды** иеленді.


ASTANA DARYNY «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Ханталапай» ұлттық ойындар республикалық байқауы қалалық кезеңінің ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы 02.03.2026 ж.

№	Қатысқан балабақшалардың атауы	Ұпай саны	Орны
1	№32 "Балдәурен" балабақшасының тобы	22	I
2	№8 «Думан» балабақшасының тобы	21	II
3	№78 "Асыл" балабақшасының тобы	21	II
4	№49 "Алтынай" балабақшасының тобы	20	II
5	№ 69 "Еркем-ай" балабақшасының тобы	20	II
6	№77 "Қошақан" балабақшасының тобы	19	II
7	№18 "Аяжан" балабақшасының тобы	19	II
8	№83 "Жансая" балабақшасының тобы	18	III
9	№38 "Шаттық" балабақшасының тобы	18	III
10	№11 "Гауһар" балабақшасының тобы	18	III
11	№84 "Көусар" балабақшасының тобы	18	III
12	№54 "Нұр-ай" балабақшасының тобы	18	III
13	№ 89 "Қыз Жібек" балабақшасының тобы	18	III
14	№ 65 "Бил бала" балабақшасының тобы	17	III
15	№82 "Айару" балабақшасының тобы	17	Алтын сақа
16	№42 "Бөбешек" балабақшасының тобы	17	Үздік ойын алаңы
17	№64 «Асыл бөбек» балабақшасының тобы	17	Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар
18	№67 «Шұғыла» балабақшасының тобы	17	Таңқырлар мен ептілер
19	№30 "Қайнар" балабақшасының тобы	17	Бәсекелі ойындылар


ASTANA DARYNY

II ДӘРЕЖЕЛІ

ДИПЛОМ

Ерекше білім беруді қажет ететін мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Ханталапай» ұлттық ойындар республикалық байқауы қалалық кезеңі жарысы байқауының жүлдегері

№49 "Алтынай" балабақшасының тәрбиеленушісі

Сейтқалиев Азим

және жетекшісі

Ибраева Айгүл Жакеновна

МАРАПАТТАЛАДЫ

«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының басшысы Ж. Бейсенбаева

2 наурыз 2026 жыл

HUOK-2026-D-23

21.02.2026 жылы Астана қаласы әкімдігінің «Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» КММ-нің жұмыс жоспарына сәйкес «200 мектеп және балабақша – 4000 әке» атты қар тазалау челленджі ұйымдастырылды. Балабақшаның «Әкелер мектебі» белсене атсалысып, ойын алаңдарын қардан тазартты.



23.02.2026 жылы Астана қаласы әкімдігінің «Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» КММ-нің жұмыс жоспарына сәйкес "Заң және тәртіп" идеологиясы аясында "Бірыңғай өрт қауіпсіздігі күні" ұйымдастырылды. Мақсаты: Өрт қауіпсіздігі кезінде балалардың сақтық шараларын сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыру, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына баулу. «Алматы» ауданына қарасты №10 Өрт сөндіру бөліміне мектепалды «Ақ сұңқар», «Бүркіт» және «Шағала» тобының тәрбиеленушілері саяхат жасап, қауіпсіздік ережелерімен танысып келді.








26.02.2026 жылы «Жасампаздық және жаңашылдық» айы аясында **«Озат тәжірибе- әріптеске үлгі»** тақырыбында **қалалық** тәжірибе алмасу семинары Астана қаласы мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру , білім беру үдерісінде жасампаздып пен жаңашылдықты тиімді қолдану бойынша озық тәжірибелерді тарату, әріптестер арасында тәжірибе алмасуға жағдай жасау мақсатында ұйымдастырылды.













27.02.2026 жыл «Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» республикалық бейнероликтер байқауының қалалық кезеңіне ортаңғы «Қарлығаш» тобы қатысып -**II орын**, «Самұрық» ортаңғы тобы-**III орын** және ересек «Ақ көгершін» тобы қатысып – **III орынды** иеленді.



ASTANA DARYNY «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы

Мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының қатысуымен "Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала" қолдан жасалған бұйымдар республикалық байқауының қалалық кезеңінің

ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы 27.02.2026ж

Тобы: Ортаңғы топ

№	Балабақшаның атауы	Ұпайы	Орны
1	№65 «Бал бала» балабақшасының тобы	60	I
2	№87 «Қадыр» балабақшасының тобы	58	II
3	№96 «Алаш» балабақшасының тобы	58	II
4	№42 «Бәйшешек» балабақшасының тобы	55	II
5	№83 «Жансая» балабақшасының тобы	54	II
6	№98 «Мирас» балабақшасының тобы	54	II
7	№49 «Алтынай» балабақшасының тобы	54	II
8	№94 «Сұңқар» балабақшасының тобы	54	II
9	№39 «Меруерт» балабақшасының тобы	52	III
10	№66 «Толағай» балабақшасының тобы	51	III
11	№57 «Сая нат» балабақшасының тобы	51	III
12	№84 «Қаусар» балабақшасының тобы	51	III
13	№49 «Алтынай» балабақшасының тобы	49	III
14	"KOKTAL GARDEN SCHOOL" жекеменшік мектебінің балабақшасының тобы	48	III
15	№80 «Ботакан» балабақшасының тобы	48	III
16	№78 «Асыл» балабақшасының тобы	48	III
17	№32 «Балдәурен» балабақшасының тобы	48	III
18	№88 «Баян Сұлу» балабақшасының тобы	48	III
19	№70 «Құлыншақ» балабақшасының тобы	46	Үздік колонер бұйымы
20	"Happy Ville" балабақшасының тобы	46	Үздік компания
21	№7 «Аққу» балабақшасының тобы	46	Шебер отбасы
22	№66 «Толағай» балабақшасының тобы	45	Ұйымшыл отбасы
23	№69 «Еркем-ай» балабақшасының тобы	45	Еңбекқор отбасы
24	№63 «Әсем-Ай» балабақшасының тобы	45	Мейірімді отбасы
25	№61 "Шолпан" балабақшасының тобы	45	Өнегелі отбасы



ASTANA DARYNY «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы

Мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының қатысуымен "Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала" қолдан жасалған бұйымдар республикалық байқауының қалалық кезеңінің

ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы 27.02.2026 ж.

Тобы: Ересек топ


№	Балабақшаның атауы	Ұпайы	Орны
1	№56 «Береке» балабақшасының тобы	59	I
2	№50 «Жұлдыз» балабақшасының тобы	57	II
3	№81 «Әсемгүл» балабақшасының тобы	57	II
4	№45 «Самұрық» балабақшасының тобы	57	II
5	№7 «Аққу» балабақшасының тобы	57	II
6	"Учебный центр "Smart kids" балабақшасының тобы	57	II
7	"КАРИМ" балабақшасының тобы	55	II
8	№48 «Ақ көгершін» балабақшасының тобы	55	II
9	№70 «Құлыншақ» балабақшасының тобы	54	II
10	№42 «Бәйшешек» балабақшасының тобы	54	II
11	№12 «Қарлығаш» балабақшасының тобы	51	III
12	№24 «Айналайын» балабақшасының тобы	51	III
13	№15 «Дарын» балабақшасының тобы	51	III
14	№49 «Алтынай» балабақшасының тобы	51	III
15	"BI-BALA2" балабақшасының тобы	51	III
16	№58 «Өркен» балабақшасының тобы	50	III
17	№63 «Әсем-Ай» балабақшасының тобы	50	III
18	№72 «Жанарым» балабақшасының тобы	49	III
19	№38 «Шаттық» балабақшасының тобы	49	III
20	№29 «Аққайың» балабақшасының тобы	49	III
21	№44 «Үркер» балабақшасының тобы	49	III
22	№26 «Үміт» балабақшасының тобы	48	Үздік колонер бұйымы
23	№28 «Жұлдыз» санаториялық балабақшасының тобы	48	Үздік компания
24	№69 «Еркем-ай» балабақшасының тобы	48	Шебер отбасы
25	№2 «Батыр» балабақшасының тобы	48	Ұйымшыл отбасы
26	№74 «Дәурен» балабақшасының тобы	48	Еңбекқор отбасы
27	№61 "Шолпан" балабақшасының тобы	48	Мейірімді отбасы
28	№64 «Асыл бөбек» балабақшасының тобы	44	
29	№84 «Қаусар» балабақшасының тобы	44	
30	№67 «Шұғыла» балабақшасының тобы	44	
31	№33 «Алтын дән» балабақшасының тобы	44	

01.03.2026 жыл «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру аясында Алғыс айту күніне орай «Ізгіліктің бір ізі-алғыс» челленджі

ұйымдастырылды. Челленджге ата-аналар, тәрбиеленушілер және педагогтер белсене атсалысты.









03.03.2026 жыл «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру аясында «Ұлттық ойын-ойды өсіреді» тақырыбында мектепалды және ересек топтары арасында дене шынықтыру нұсқаушылары ұлттық ойындар ұйымдастырды.








«Сен аман бол анашым!» мерекелік ертеңгілігінің кестесі

№	Топ атауы	Өткізу уақыты	Жауапты педагогтар	Өткізілу деңгейі
1	«Балапан» ересек тобы	**03.03. 2026** 09.00	Акниязова Л. МундыбековаГ. Төреханова А.	орташа
2	«Самұрық» ортаңғы тобы	**03.03. 2026** 10.00	Рашаева Б.А. Төреханова А.	

				жоғары
3	«Аққу» ересек топ	**03.03. 2026** 11.00	Бестаева А.Р. Абдалиева А.Ж.	жақсы
4	«Ақ сұңқар» мектепалды тобы	**05.03. 2026** 09.00	Андасова Л.Е Бестаева А.Р. Төреханова А.	жоғары
5	«Бүркіт» мектепалды тобы	**05.03. 2026** 10.00	Назарова А.В. Төреханова А.	жоғары
6	«Ақ көгершін» ересек тобы	**05.03.2026** 15.00	Бершімбаева Н.Б. Ералы А.Е. Осипова А.Ж.	жоғары
7	«Шағала» мектепалды тобы	**05.03.2026** 16.00	Мықтыбаева А.Д. Осипова А.Ж.	жоғары
8	«Бұлбұл» ересек тобы	**04.03.2026** 09.00	Рахметова С.К. Осипова А.Ж.	жақсы
9	«Қарлығаш» ортаңғы тобы	**04.03.2026** 10.00	Қосбармахова А.Р. Осипова А.Ж.	жоғары
10	«Қыран» ортаңғы тобы	**04.03.2026** 11.00	Мырзақұлова М.М. Осипова А.Ж.	жоғары

03.03.2026 жылы «Балапан» ересек тобымен Акниязова Любовь Жаксымуратовна және Мундыбекова Гүлбаян Ақылтайқызы мерекелік ертеңгілік өткізді. Балалар музыка әуенімен билеп шығып, орындарына тұрды. «Көктемде» әнін шырқап, мерекелік қойылым қойды. Аналарға арналған мерекелік тақпақтарын айтып, ортаға музыка әуенімен Қызыл телпекті қыз шықты. Ол өзінің әжесін мерекесімен құттықтауға бара жатып адасып қалғанын айтты. Балалар әжесіне жол көрсетуге уәде берді. Музыка әуенімен қасқыр ортаға шығып Қызыл телпекті іздеп жүргенін айтты. Ұлдар «Ковбойлар» биін билеп аңшыны көмекке шақырды. Аналарды ортаға шығарып қыздар қағаз бетінде аналарының шаш үлгісін жасады. Аңшы әжені қасқырдан құтқарып, қасқыр балалардан кешірім сұрап орманға оралды. Қыздар «Сұлу қыздар» биін билеп, балалар мерекелік тақпақтарын айтып аналарын қуантты. «Ана» әнін шырқап, аналарына гүл шоқтарын тарту етті. Ертеңгілік ***орташа*** деңгейде өтті. Балалар тақпақтарды жатқа біледі. Киімдері мерекеге сай, бірақ шалбарлары салақтап жүрді.

Ұсыныстар:
-балалардың шығуы әсерлі болу керек;
-әндердің сөзін жатқа біледі, барлық баланы бірге айтуға жаттықтыру қажет.
- уақытты үнемді қолдану керек;
- Кейіпкерлерді рөлді алып шыға алатын тұлғаны таңдау қажет, дайындыққа қатыстыру керек;
- Ән, тақпаққа шақырғанда әр баланың атын атаудың қажеті жоқ, үйрету керек бірінші баланың атын айтқанда қалған балалар сонымен бірге шығатынын білу керек;
-Ойынның шарты дұрыс түсіндірілмеді;
- ән-би немесе қойылымнан кейін қолданылған заттарын орнына өздері апарып қоюды дайындық барысында үйрету керек;








03.03. 2026 жылы «Самұрық» ортаңғы тобымен тәрбиеші Рашаева Ботагоз Асилбековна мерекелік ертеңгілік жүргізді. Ертеңгілік әсерлі қойылыммен

« Көлеңкелі театр» басталды. Балалар әдемі киінген. Музыка әуенімен ортаға шығып, мерекелік құттықтауларын айтты. Музыка әуенімен Көктем аруы келіп аналарды мерекемен құттықтады. «Балапандар» биін билеп, «Әжемнің жібі» ойынын ойнады. «Торғайлар» әнін шырқап, мерекелік тақпақтарын тарту етті. «Көктем келді» әнін орындап, «Аспазшылар» биін биледі. Қонаққа жаңбыр келіп, мерекемен құттықтады. «Полька» биін билеп, аналарға арналған сыйларын тарту етті. Ертеңгілік ***жоғары*** деңгейде өтті.

Ұсыныстар:

-балалар тақпақтарды жатқа білу керек; алдын ала жеке жұмыстар жүргізу қажет.

-микрафонды дайындық барысында қолданып үйрету керек;

-әндердің сөзін жатқа білу қажет;

- Аналармен ертеңгілік алдында киім үлгісіне, ертеңгілік тәртібіне, өзін-өзі дұрыс ұстауына байланысты түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

-уақытты үнемді тұтыну керек.







03.03.2026 жылы «Аққу» ересек тобымен Бестаева Асем Рамазановна және Абдалиева Альмира Жаңабергенқызы мерекелік ертеңгілік өткізді. Балалар өте әдемі киінген. Музыка әуенімен қыздар қолшамдарын ұстап, ұлдар жүрекшелер ұстап шығып би билеп орындарына тұрып «Анашым» әнін шырқады. Тәрбиеші ортаға шығып аналарды құттықтады. Балалар ортаға шығып мерекелік құттықтау тақпақтарын тарту етті. Музыка әуенімен ортаға Сыйқырша шығып Көктем аруын сиқырлап тастағанын айтты. Өз өнерлерін көрсетіп, көңілімді ауласаңдар оны сиқырдан босатамын деді.

Ұлдар «Кобвойлар» биін билеп орындарына отырды. «Гүл жинау» ойынын ойнап, Көктем аруын қарсы алды. Қыздар ортаға шығып би билеп, «Көктем» әнін шырқады. Мерекелік тақпақтарын айтып, «Ананың бір күні» тақырыбында қойылым қойды. Қойылым шала, түсініксіз болды. Балалар рөлдерге ене алмады. Аналарды ортаға шақырып қимылдық-музыкалық ойын ойнатты. Ертеңгілік ***жақсы*** деңгейде өтті.

Ұсыныстар:

- Пауза болдырмауды қарастыру;
- -әндердің сөзін жатқа біледі, барлық баланы бірге айтуға жаттықтыру қажет.
- - уақытты үнемді қолдану керек;
- - Ән, тақпаққа шақырғанда әр баланың атын атаудың қажеті жоқ, үйрету керек бірінші баланың атын айтқанда қалған балалар сонымен бірге шығатынын білу керек;
- Ән немесе биде қолданылған заттарын, жүрекшелерін, гүлдерін т.б. өзінің отырған орындығының астына бірден қоюды дайындық барысында үйрету қажет.
- Ата-аналармен жалдын-ала түсіндірме жұмыстарын жүргізу керек; балаларды өзіне шақырып алуға болмайтынын түсіндіру қажет. Ересек топ тәрбиеленушілерінің анасына қарап жылап тұруы ұят нәрсе.










04.03.2026 жылы «Бұлбұл» ортаңғы тобымен Рахметова Салтанат Кадрияевна мерекелік ертеңгілік өткізді. Әсем әуенмен тәрбиеші ортаға шығып аналарға арналған құттықтауын айтты. Нұржау «Анашым» әнін тарту етті. Балалар музыка әуенімен билеп шығып, орындарына тұрып мерекелік құттықтау тақпақтарын айты. «Көктемде» әнін шырқап, «Анасын іздеген бота» ертегісін сахналады. Қыздар «Көбелектер» биін билеп, балалар мерекелік тақпақтарын айтып аналарын қуантты. «Досыңа гүл сыйла» ойынын ойнатты. Қыздар би билеп, «Асыл анам» әнін шырқады. Ұлдар аналарын биге шақырып, «Кім жылдам?» ойыны ата-аналармен ойнатылды. Әжелерге арналған құттықтау тақпақтарын айтып, «Менің әжем» әнін тарту етті. Ертеңгілік ***жақсы*** деңгейде өтті. Тәрбиеші жан-жақты ізденген. Балалар белсенді қатысты.

Ұсыныстар:

- Жеке ән орындауда баланы дұрыс дайындау керек, микрафонды ұстап, сөздерін анық айтып жаттығуы шарт.

-балалар тақпақтарды жатқа білу керек;

-әндердің сөзін жатқа біледі, бірақ сөздерін толық айтпай соңындағы дыбыстарды жұтып қойып жатты. Тәрбиеші, музыка жетекшісі қосылып айту қажет;

- қойылымдағы кейіпкерлердің киімдерін алдын-ала дайындау керек, киімдері сай емес.









04.03.2026 жылы «Қарлығаш» ортаңғы тобымен Косбармахова Аймереке Рахатовна мерекелік ертеңгілік жүргізді. Әсем әуенмен тәрбиеші ортаға шығып аналарға арналған құттықтауын айтты. Балалар ертеңгілікке сай киінген, музыка әуенімен ерекше шығып орындарына тұрып «Анашым-анам» әнін орындады. Әннің сөзін жатқа біледі. Балалар мерекеге арналған тақпақтарын жатқа айтып берді. Ғажайып сәтке Көктем аруы келіп мерекелік құттықтау тілегін айтты. Қыздар «Қуыршақтар» биін билеп берді. «Гүлге қонған көбелек» музыкалық-қимылды ойынын ойнады. Ұлдар «Джентельмендер» биін билеп, әжелерге арналған құттықтау тілектерін айтты. Барлық балалар «Әже» әнін шырқап, «Кәмпиттер» биін биледі. Ата-аналармен қимылды «Кім жылдам?» ойыны ойнатылып, Көңілді аспаптар оркестрінде ойнады. Ертеңгілік ***жоғары*** деңгейде өтті.

Ұсыныстар:

- Балаларды биге, әнге тұрғызу барысында жартылай шеңбер қылып тұруға дағдыландыру қажет;
- Көктем ханшайымының қолында әдемі гүл болу керек, шаш үлгісі, сөз саптауы, кіріс-шығысы әдемі болу керек;
- Аналармен ертеңгілік алдында киім үлгісіне, ертеңгілік тәртібіне, өзін-өзі дұрыс ұстауына байланысты түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет, баланы өзіне шақыруға болмайтынын түсіндіру керек.









04.03.2026 жылы «Қыран» кіші тобымен Мырзақұлова Мадина Мырзақұлқызы мерекелік ертеңгілік өткізді. Әсем әуенмен тәрбиеші ортаға шығып аналарға арналған құттықтауын айтты. Балалар ертеңгілікке сай киінген, музыка әуенімен ерекше шығып орындарына тұрып «Анашым» әнін орындады. Әннің сөзін жатқа біледі. Балалар мерекеге арналған тақпақтарын жатқа айтып берді. Ғажайып сәтке Көктем аруы келіп мерекелік құттықтау тілегін айтты. Қыздар «Қуыршақтар» биін билеп берді. «Гүлге қонған көбелек» музыкалық-қимылды ойынын ойнады. Ұлдар «Джентельмендер» биін билеп, әжелерге арналған құттықтау тілектерін айтты. Барлық балалар «Әже» әнін шырқап, «Кәмпиттер» биін биледі. Ата-аналармен қимылды «Кім жылдам?» ойыны ойнатылып, Көңілді аспаптар оркестрінде ойнады. Ертеңгілік ***жоғары*** деңгейде өтті.

Ұсыныстар:

- Балаларды биге, әнге тұрғызу барысында жартылай шеңбер қылып тұруға дағдыландыру қажет;
- Көктем ханшайымының қолында әдемі гүл болу керек, шаш үлгісі, сөз саптауы, кіріс-шығысы әдемі болу керек;
- Аналармен ертеңгілік алдында киім үлгісіне, ертеңгілік тәртібіне, өзін-өзі дұрыс ұстауына байланысты түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет, баланы өзіне шақыруға болмайтынын түсіндіру керек.









05.03. 2026 жылы «Ақ сұңқар» мектепалды топпен тәрбиеші Л. Андасова және А.Бестаева мерекелік ертеңгілік жүргізді. Музыка әуенімен балалар ортаға еркше қойылыммен шығып би билеп орындарына тұрды. «Наурыз көктем» әнін шырқап, тәрбиешілер мерекемен құттықтауын айтты. Қыздар «Періштелер» биін билеп, қойылым көрсетті.Ұлдар аналарға арналған мерекелік құттықтауларын тарту етіп, «Тез үрле!» қимылды ойынын ойнады. «Қызғалдақтар» биін билеп, әжелерге арналған тақпақтарын тарту етті. Ұлдар би билеп, аналармен ойын ойнады. Ойын өте қызықты болды. Қыздар сән үлгісін көрсетіп, вокалдық топ «Кешірші анашым» әнін орындады. Балалар өте белсенді қатысты. Әннің сөзін және тақпақтапын жатқа біледі. Қойылымдарды рөлдерге кіріп ойнады. Тәрбиешілер жан-жақты ізденген. Балалардың киім үлгілері мерекелік ер теңгілікке сай киінген. Ертеңгілік ***жоғары*** деңгейде ұйымдастырылды.








05.03. 2026 жылы «Бүркіт» ересек тобымен Назарова Айсұлу Валиддиновна ертеңгілік ұйымдастырды. Ұлдар музыка әуенімен билеп шығып қыздарды ортаға шақырды. Қыздар билеп шығып, аналарға құттықтауларын айтты. Музыка әуенімен тәрбиеші ортаға шығып өз құттықтауын тарту етті. «Анашым-ана» әнін шырқап, мерекелік тақпақтарын айтты. «Ана болу қандай қиын» қойылымын көрсетті. Қыздар би билеп, мерекелік тақпақтарын айтып берді. «Кім тапқыр?» ойынын аналар мен балалар бірлесе ойнады. Ұлдар би билеп, «Әже» әнін шырқады. Аналармен ойын ойнатылып, балалар «Әрбір үйдің гүлі бар» тақырыбында қойылымдарын көрсетті. Вокалдық топтың орындауында «Кешірші анашым» әнін шырқап, қойылым көрсетті. «Қыздарға гүл сыйлаңыздар» биін ұлдар билеп, «Наурыз көктем» әнін шырқады. Аналарға арналған құттықтаулырың тарту етіп , Айдайдың анасымен орындауында «Ешбір бала , ешбір ана жыламасын» әнін тыңдап ертеңгілікті аяқтады. Балалар өте белсенді. Әр баланың жеке қабілетін көрсету үшін тәрбиеші жан-жақты ізденген. Киім үлгісі мерекелік ертеңгілікке сай. Әннің, құттықтау сөздерінің барлығын жатқа айта білді. Қойылымдағы рөлдерін жақсы ойнап шықты. Ертеңгілік ***жоғары*** деңгейде ұйымдастырылды.








05.03.2026 жылы «Ақ көгершін» ересек тобымен тәрбиеші Н.Бершімбаева және А.Ералы мерекелік ертеңгілік өткізді. Балалар өте әдемі киінген жүрекшелермен ортаға шықты. Музыка әуенімен қыздар ерекше болып шықты. Ұлдар келіп қосылып би билеп орындарына тұрып тәрбиешілердің құттықтауын тыңдады. Балалар аналарды мерекемен құттықтап тақпақтарын тарту етті. «Анашым» әнін шырқап, «Түймекыз» атты қойылым көрсетті. Қыздар «Гүлдер» биін билеп, мерекелік тақпақтарын тарту етті. Ұлдар «Құмырсқалар» биін билеп аналарды қуантты. Музыка әуенімен ортаға Көктем аруы келіп, ыстық ықыласын білдірді.

Балалар наурыз көктем әнін шырқап, «Сыйқырлы гүл» ойыны ойнатты. Қыздар «Көбелектер» биін билеп, әжелерге арналған құттықтау тақпақтарын айтты. «Әже» әнін шырқап ертеңгілікті аяқтады. Ән айту барысында қонаққа келген әже скрипка аспабында ойнап таң қалдырды. Тәрбиешілер жан-жақты дайындалған. Ертеңгілік ***жоғары*** деңгейде өтті.

Ұсыныстар:

- Ертеңгілік жоспарын А4 форматта ұстап шығуға болмайды;
- Балаларды биге, әнге тұрғызу барысында жартылай шеңбер қылып тұруға дағдыландыру қажет;








05.03.2026 жылы «Шағала» ересек тобымен тәрбиеші Мықтыбаева Айнұр Дүйсеналықызы мерекелік ертеңгілік жүргізді. Ертеңгілік «Ана» қойылымы желісінде жүргізілді. Қыздар би билеп шығып, ұлдар ортаға тәрбиешіні алып шықты. Ортада вальс билеп, «Анашым» әнін тарту етті. Аналарға арналған тақпақтарын айтып, музыка әуенімен ортаға Көктем аруы келіп аналарды құттықтады. Балалар Көктем аруына «Көктем келді» әнін шырқап берді. Қыздар «Гүлдер» биін билеп, «Ананың бір күні» атты қойылымда сахналап берді. Әжелерге арналған тақпақтарын айтып, «Әже» әнін шырқады. Ата –аналармен «Кім жылдам?» ойынын ойнап, ортада ұлдар би биледі. Вокалдық топ «Кешірші ана» әнін шырқап, мерекелік тақпақтарын айтты. Ертеңгілікті «Қандай әдемі» әнімен аяқтады. Балалар өте жинақы киінген, белсене қатысып, шығармашылық қабілеттерін көрсете білді. Тәрбиеші жан-жақты ізденген.
Ертеңгілік ***жоғары*** деңгейде өтті.








06.03.2026 жылы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру аясында «Аналар мектебі» қатысуымен «Шебер ана-еңбекқор бала» байқауы ұйымдастырылды. Байқаудың мақсаты: ана мен бала арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Балалардың еңбекке, қолөнерге қызығушылығын арттыру. Аналардың шығармашылық қабілетін, шеберлігін көрсету. Отбасылық ұлттық құндылықтарды насихаттау. Байқауға Астана қаласы әкімдігінің №24 «Айналайын» балабақшасының әдіскері Абетова Гулсара Ауелбековна №47 «Ақ желкен» балабақшасының тәрбиешісі Акжигитова Гулнур Колбаевна және №47 «Ақ желкен» балабақшасының дене шынықтыру нұсқаушысы Тәукебаева Гүльмира Бекжановна қазылық етті. «Қарлығаш» ортаңғы тобы«Қарлығаш» ортаңғы тобы – бас жүлде, «Бұлбұл» ересек тобы«Бұлбұл» ересек тобы – I орын, «Шағала» мектепалды тобы – II орын, «Ақ сұңқар» мектепалды тобы – III орынды иеленді.










11.03.2026 жылы Ата –аналар және педагогтермен жұмыс жоспары негізінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру ерекшеліктері» тақырыбында ақыл-кеңес берілді.








13.03.2026 жылы «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» бағдарламасын іске асыру аясында **«Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер»** тақырыбында үй жағдайында отбасылық үлгі көрсету жұмыстары ұйымдастырылды. Барлық топ ата-аналары белсене атсалысып, балаларды еңбекке баулудың бірнеше түріне үлгі көрсетті. Аналар қыз бала тәрбиесіне байланысты бірлескен жұмыстар көрсетсе, әкелер ұл баланы жастайынан еңбекке баулуға бағыттады.








16. 03. 2026 жылы «Жақсылық жаса» акциясы ұйымдастырылды. Әр топ өзара үйлерінен азық-түліктер алып келіп топтарындағы көпбалалы отбасы мүшелеріне қайырымдылық қорабын табыстады.



16.03.2026 жылы «Көрісу күні» Ұлыстың ұлы күні қарсаңында жасалатын әдет-ғұрып насихатталды.





17.03.2026 жылы «Берекелі шаңырақ-бақытты балалық шақтың бастауы» тақырыбында отбасылық құндылықтар туралы іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараға ата-аналар белсене қатысып ұлттық құндылықтарымызды бала бойына сіңіру мақсатында өз үлестерін қоса білді. Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесіне орай салт-дәстүрлерімізді насихаттап, ұлттық тағамдармен, әдет-ғұрыптарымызбен таныстырды.



















18. 03. 2026 жылы «Ұлттық киім – көрік береді» тақырыбында балабақша қызметкерлері. Ата-аналар және тәрбиеленушілер арасында ұлттық киім үлгілері ұсынылды. Ұлттық киімдердің құндылығы мен қазақи нақыштағы ою-өрнектер туралы тәрбиеленушілерге ақпараттар берілді.

19.03.2026 жылы «Тазалық-денсаулық кепілі» тақырыбында ұжымдық жұмыс балабақша ішінде және сыртында тазалық жұмыстары жүргізілді. Барлық қызметкерлер белсене атсалысты. Өздерінің жұмыс орындарын және балабақша ауласында тазалау жұмыстарын жүргізді.

20.03.2026 жылы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру *Ұлттық спорт күні* «Ұлттық ойын- ойды өсіреді» тақырыбында тәрбиеленушілермен және педагогтермен түрлі ұлттық ойындар дене шынықтыру нұсқаушыларының ұйымдастыруымен ойнатылды.

30.03. 2026 жылы № 4 Педагогикалық кеңес «Ұлттық ойын ойды өсіреді» тақырыбында қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, ұлттық ойындар арқылы балалардың өмірі мен денсаулығын нығайту, патриотизмге баулу мақсатында ұйымдастырылды.

14.04.2026 жылы «Ерекше баламен жайлы қарым-қатынасты құру» семинар-практикумы арнайы мамандардың ұйымдастыруымен өтті.










15.04.2026 жылы «Баршаға қолжетімді сапалы білім» Ұлттық баяндамасын тарату бойынша Астана қаласының жол картасын іске асыру аясында «Балабақша–мектеп» білім беру округтері негізінде «Педагогикалық SABAQTASTYQ» және «Adaptation days» жобалары аясында балабақшалар мен мектептердің бірлескен жұмыс жоспарына сәйкес №49 «Алтынай» балабақшасының мектепалды «Ақ сұңқар», «Бүркіт» және «Шағала» топтары №30 мектеп-гимназиясына экскурсия жасады.










17.04.2026 жылы «Таза Қазақстан» жобасы аясында «Әке -үлгі, әке - өнеге» акциясы «Әкелер мектебінің» қатысуымен ұйымдастырылды. Аталған акция өскелең ұрпақтың бойына еңбекқорлық, тазалық мәдениеті мен туған жерге деген жанашырлық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған маңызды бастама болып табылды. Ағаш отырғызу акциясына әкелер белсене қатысып, қариялар бата беріп, балалар қоқыстарды жинап еңбек етті.












21.04.2026 жылы 23 сәуір «Ұлттық кітап күні» мерекесін атап өту мақсатында Астана қаласы №4 қалалық балалар кітапханасына «Шағала» мектепалды тобының тәрбиеленушілерімен саяхат жүргізілді. Балалар кітапханаға барып кітап сыйлап, кітаптың шығу тарихымен танысты. Кітаптың алғашқы рет балшықтан жасалғанын және оны ұқыпты қолдану керектігін біліп қайтты.









30.04.2026 жылы «Бірлігіміз жарасқан, балдырғанбыз, баламыз» тақырыбында музыкалық ойын-сауық ұйымдастырылды. Әр топ өздері таңдаған ұлт өкілдерінің ұлттық өнерін көрсетіп, ұлттық ойындарын ойнап, ұлттық тағамдарымен танысты.


















05.05.2026 жылы ересек «Балапан», «Бұлбұл», «Аққу» және «Ақ көгершін» топтары арасында дене шынықтыру нұсқаушыларының жетекшілігімен «Алаңқайда ойнайық!» тақырыбында спорттық жарыс ұйымдастырылды. Балалар белсене қатысып физикалық қабілеттерін арттыра білді.







19.05.2026 жылы «Бүркіт», «Шағала», және «Ақ сұңқар« мектепалды топтарында «Қош бол, балабақша!» тақырыбында балабақшамен қоштасу ертеңгілігіліктері ұйымдастырылды. Ата-аналар өте белсене атсалысты.











28.05.2026 жылы №5 педагогикалық кеңес «2025-2026 оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі» тақырыбында Мектепке дейінгі ұйымда барлық іс-әрекеттер нәтижесін және әр педагогтің жеке ісін қорытындылау, тәрбие-білім беру жұмысының нәтижесі көрсету мақсатында ұйымдастырылды.















28.05.2026 жылы Балабақшадағы бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету тақырыбында ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Тақырып аясында педагог-психологтан кеңес алып, жаз айларында баланың қауіпсіздігін сақтай отырып сауықтыру туралы мейірбикеден қажетті ақпараттар алды.

